



№ 7 Хромтау

**МКҚК № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының
Даму бағдарламасы
(2020-2025)**

Хромтау қаласы, 2020ж.

Мазмұны

Бөлімдер	Бағдарлама мазмұны	Беті
	№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының даму бағдарламасының төлқұжаты	3-5
I	Балабақша туралы мәлімет.	6-12
	1.1. Балабақша бойынша ақпараттық анықтама 1.2. Балабақшаның материалдық базасы. 1.3. Балабақшаның педагогикалық құрамы туралы мәлімет. 1.4. Балабақша отбасылары туралы мәлімет.	
II	Оқыту-тәрбиелеу процесінің жағдайын сараптау.	13-29
	2.1. Балабақшадағы оқыту процесінің жағдайы мен құрал-жабдықтары. 2.2. Бөбекжай-балабақшаның педагогикалық процесін ұйымдастыру ерекшелігі. 2.3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұндағы білім беру процесі. 2.4. Дамыту ортасын сараптау. 2.5. Білім беру үрдісін сүйемелдеу қызметтерін сараптау. 2.6. Жас педагогтермен жұмыс.	
III	Жұмыстың болашақ бағыттарына мінездеме.	29-36
	3.1. Дене шынықтыру-сауықтыру бағыты. 3.2. Эстетикалық бағыт. 3.3. Танымдық- тілдік бағыт. 3.4. Әлеуметтік-тұлғалық бағыт. 3.5. Физикалық және психикалық дамуында қажетті коррекциялық жұмысты жүргізу. 3.6. Отбасымен жұмыс. 3.7. Ресурстық қамтамасыз ету. 3.8. Балабақшаның имиджін қалыптастыру.	
IV	Педагогикалық ұжымның әрекетінің жоспары.	37-49
	1. Басқару жүйесі. 2. Оқыту жүйесі.	
V	Бөбекжай-балабақшаның тұжырымдамасы және даму стратегиясы.	49-59
	5.1. Балабақшаның даму тұжырымдамасы. 5.2. Сараптау жұмысының қорытындысы. 5.3. Жаңа балабақшаның моделі. 5.4. Басқарудың жаңа жүйе жобасы. 5.5. Балабақшаның даму стратегиясы. 5.6. Әрекет жоспары.	
	№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының білім кеңістігінің жағдайын STEP сараптау және SWOT талдау матрицасы	60-62

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының даму бағдарламасының төлқұжаты

1	Құжаттың атауы	№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының даму бағдарламасы
2	Бағдарлама статусы	Басқа құжаттарға қарағанда балабақшаның дамуын жетілдіретін бағдарлама болып табылады. Бөбекжай-балабақшасының мақсаты, міндеттері және оларды жүзеге асыруды көрсететін бағыттаушы құжат.
3	Бағдарламаның мақсаты	Балабақша әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретінде көрсетіп, оның позитивті түрде өзгеруін қамтамасыз ету, әрекеттің мазмұнын, стратегиясын және тактикасын жетілдіру.
4	Бағдарламаны бекіткен мерзім	№ 1 педагогикалық кеңестің шешімі
5	Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі мен сатылары	<p><i>I кезең- дайындық, жоспарлы- болжамалы (2020-2022 ж.)</i> <u>Мақсаты:</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Мәселелерді белгілеу, технологияларды таңдау. 2) Балабақша ішінде жүйе құру. 3) Даму бағыттары бойынша жоба құру. Дамуды жоспарлау. <p><i>II кезең- практикалық, негізгі (2021-2024 ж.)</i> <u>Мақсаты:</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Даму бағдарламасының жобаларын балабақша өміріне толық енгізу. Балабақшаның өзі-өзі дамыту механизмін бастау. 2) Оқыту процесінің қорытындысын бақылау, түзетулер енгізу. 3) Эксперименттік алаңдар енгізу, жүргізу. 4) Сапаны бақылау жүйесін құру. <p><i>III кезең- қорытынды (2024-2025 ж.)</i> <u>Мақсаты:</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Балабақша жұмысын зерттеу және жинақтау. 2) Баспа беттеріне мақала жазу. 3) Аудан, облыс көлеміне құжаттар дайындау. 4) Аудан бойынша тәжірибелік іс тарату. 5) Балабақшаның жаңа даму жоспарын дайындау.
6	Бағдарламаны қаржыландыру көзі.	1. Облыстық қаржыландыру.
7	Бағдарлама бөлімдері.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Түсінік хат. 2. Бағдарлама төлқұжаты. 3. Ақпараттық анықтама. 4. Балабақшаның дамуына әсерін тигізетін сырттық және ішкі мәселелер мен факторлар. 5. Балабақшаның даму тұжырымдамасы.

		6. Бағдарламаны жүзеге асыру механизмі. 7. Қосымшалар.
8	Бағдарламаны құрған авторлар	М.Т.Алдрапекова- балабақша меңгерушісі, И.А.Джанадилова- әдіскер, Альмуханова Ж.К.-шаруашылық меңгерушісі.

№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының төлқұжаты

Балабақша атауы	«Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны «№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы».
Құрылтайшысы	Хромтау ауданының әкімдігі
Балабақшаның меңгерушісі	Алдрапекова Мадина Темешовна
Мекен жайы	Қазақстан Республикасы, 031100, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Әуезова 12 А үй
Ашылған мерзімі	01.11.2012 ж.
Мемлекеттік тіркеу	№ 239-1904-16-ГККП, БИН-121140007876
РНН	№ 061600212651
Оқыту тілі	Қазақ тілі
Құрылыс салынған күн	1991 жыл
Құрылымның үлгісі	2-қабатты ғимарат
Телім, аудан жалпы	1657,4 ш.м.

Бағдарламаның сапалы құндылығы

- **Өзектілігі-** бөбекжай-балабақшаның оқыту үрдісінің болашағы үшін әртүрлі мәселелерді шешуге бағытталған бағдарлама.
- **Болжам-** аталмыш бағдарлама өз мақсатында тек қазіргі таңдағы мәселелерді ғана емес, сонымен қатар болашақтағы мәселелерді қарастыратын тиімді жолдары.
- **Тиімділік-** мүмкінінше табысты нәтижеге жететін мақсат пен міндеттер бағдарламада берілген.
- **Шынайлылық-** ықылыс пен ықтималды нәтиже арасындағы сәйкестікті байқау.
- **Тұтастық-** мақсатқа жеткізетін барлық құрылым бөлімдерінің бағдарламада бар болуы (проблемалық сараптама, концептуалды жағдайлар, даму стратегиясы, әрекет жоспары және күтілетін нәтиже)
- **Бақылау-** бағдарламада ақырғы және кезеңді мақсат пен міндеттер анықталған, қорытынды бағалау критериясы қалыптастырылған.
- **Нормативтік-құқықтық аспект-** бағдарламаның мақсаты мен жетілдіру жолдарының жалпы, аймақтық заңдармен сәйкестігі.
- **Даралық-** бағдарлама № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының мәселелерін шешуге бағытталған.

І БӨЛІМ. Бөбекжай-балабақша туралы мәлімет.

1.1. Балабақша туралы мәлімет.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның оқыту бағыты- жеке балаға бағдарланған оқыту мен тәрбиелеу. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» заңына сүйене отырып, Хромтау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 1 қарашадағы № 389 қаулысының негізімен құрылды.

Кәсіпорынның мекен жайы: Қазақстан Республикасы, 031100, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Әуезова 12 А үй.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты әрбір баланың шығармашылық, рухани дамуының мүмкіндіктері үшін қолайлы жағдай жасау, олардың табиғи дамуы мен жүйкесінің саулығын нығайту, баланың қабілеттігін олардың мүддесі мен ата-ананың сұраныстарына орай дамыту, балаларды мектепке оқуға дайындау болып табылады.

Білім беру мекемесінің *үлгісі*- мектепке дейінгі білім және тәрбие беру мекемесі.

Түрі- бала даму орталығы.

Жұмыс жасау тәртібі- жыл бойы.

Топтардың жұмыс жасау тәртібі- 5 күндік 10,5 сағаттық.

Балабақшада жылдан жылға дәстүрге айналған келесі шаралар бар:

- Үнемі жетілдіруге қажеттілік;
- Апта сайынғы кеңестер;
- Мерекелік шаралардың дәстүрлі емес түрде өткізу;
- Мерекеге арналған апталықтар;
- Кештерді ұжыммен бірге өткізу және т.б.

1.2. Балабақшаның материалдық базасы.

Балабақшаның негізгі ғимараты 1998 жылы салынған. 2000 жылы Дөн кен байыты комбинатына «Электроцех» ретінде беріліп, 2012 жылы жергілікті әкімшілікке балабақша ретінде қайтарылды. Қабаты-2, іші жарық, орталық жылу жүйесі, су, канализация, сантехникасы қанағаттанарлық күйде. Топтық және жатын бөлмелері 12 топқа арналған. 1- қабатта 6 топ, 2- қабатта 6 топ симметриялы орналасқан. Мекемеде 1 дене шынықтыру залы, 1 музыка залы, әдістемелік және психолог кабинеттері, ағылшын тілі мен бейнелеу өнері дәрісханалары бар.

Балабақшадағы балалар саны- 290.

Жобалық қуаты-290.

Асхана 1- қабатта орналасқан. Өзіне қажетті асты даярлау және пісіру бөлмелері бар. 3 тоңазатқыш, 1 аяздау камерасы, 2 электроплита, 1 электр еттартқышы, электроқайнатқыш, электроқазаны-1, электротаба-1 бар. Сонымен қатар көкөніс, жемістер қоймасы және құрғақ тағамдарды сақтау бөлмесі бар.

Кір жуу бөлмелерінде (1- қабатта) 2 кір жуу автомат машиналары, 1 кептергіш автомат машинасы бар. 2 үтік, кір үтіктеу үстелі бар.

Медбикенің (1-қабатта) алдын алу екпесі және алдын алу сақтандыру бөлмелері бар. Толық жабдықталған.

Дене шынықтыру залы 1-қабатта орналасқан. Ол гимнастикаға арналған құралдармен жабдықталған.

Музыка залы 2- қабатта. Онда фортопьяно мен музыкалық орталық бар.

Балабақша территориясы 4049,8 шаршы метрге созылған. Онда әрбір топқа арналған учаскілері бар. Әрбір учаскіге арналған ойын құрылыстары орналасқан. Сонымен қатар 1 спорт алаңы бар.

Балабақшада 24 тәрбиеші, 1 орыс тілі және 1 ағылшын пәні мұғалімдері, 1 дене шынықтыру жаттықтырушысы, 1 бейнелеу пәні мұғалімі, 3 музыка жетекшілері, 1 хореограф жұмыс жасайды.

Әрбір топты құрайды: балалар қабылдау бөлмесі, ойын және жатын бөлмелері, дәретхана, буфет.

2018-2019 оқу жылында балабақшаға көптеген спорт инвентарлар, музыкалық аспаптар, кітаптар алынды. Балаларға арналған 2000-ден астам костюмдер тігілді: сайқымазақ, ертегелр кейіпкерлері, күз, қыс, көктем ханшайымдары, әртүрлі мультфильм персонаждары және т.б. сонымен қатар ойыншықтар, дидактикалық әдістемелер, музыкалық орталық сатып алынды. Балабақшада 2019-2020 оқу жылында робот техникасына арналған кабинет, балабақша ауласындағы учаскелерді дайындалу жоспарланып отыр.

Жылдан жылға балабақша территориясындағы топ алаңдары да ерекше. Өйткені олар СанПин талаптарына сай көркемделмеген. Соның өзінде жазғы мезгіл жоспарына жыл сайын «Үздік үлескі» атты байқау өткізіледі. 12 топ жарысып, өз алаңдарын көркемдеп, әртүрлі құралдардан әткншектер, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін жасайды және гүл, ағаш отырғызады.

1.3. Балабақшаның педагогикалық құрамы туралы мәлімет.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы ұжымында жас құрамы жағынан жас. Балабақшада жұмыс жасайды:

- 1 меңгеруші,
- 1 әдіскер,
- 3 музыка жетекшілері,
- 1 хореограф,
- 1 педагог- психолог,
- 1 дене шынықтыру жаттықтырушысы,
- 24 тәрбиеші,
- 1 бейнелеу пәні мұғалімі,
- 1 орыс тілі пәні мұғалімі,
- 1 ағылшын пәні мұғалімі

Балабақша меңгерушісі Алдрапекова М.Т. Негізгі мамандығы- мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, білімі жоғары, педөтілі-26 жыл.

Жалпы педкадр туралы мәлімет.

Білімі		Санаты		Өтілі	
Жоғары	11	Жоғары	0	3 жылға дейін	20
		1-ші	3	5-10 жыл	2
Арнаулы орта Білімі жоқ	19	2-ші	4	10-15 жыл	1
				15 жылдан жоғары	10

2019-2020 оқу жылында аттестацияға берілген 2 өтініш болды. Педагогтардың кәсіби шеберлігі жылдан жылға өсуде. Бірақ аса назар аударатын жайт- бала күтіміне байланысты демалыстарға кету, қаражаты жоғары қызмет таңдап кетуі.

Ұжым әртүрлі мерекелік шаралар өткізіп, семинарларға белсене қатысты.

Мекеменің құрылымы

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасында барлығы 12 топ бар.

<i>№</i>	<i>Топтар</i>	<i>2020-2021</i>
1	«Қызғалдақ»	23
2	«Аққайың»	25
3	«Көбелек»	24
4	«Балаби»	24
5	«Құлыншақ»	22
6	«Нұршуақ»	29
7	«Қонжық»	27
8	«Қарлығаш»	25
9	«Жұлдызша»	20
10	«Балапан»	28
11	«Ботақан»	23
12	«Самұрық»	20
	Барлығы	290

2019-2020 оқу жылындағы балалар саны- 290. Оның ішінде:

<i>Оқу жылы</i>	<i>Ерте жас</i>	<i>Кіші жас</i>	<i>Ортаңғы</i>	<i>Ересек</i>	<i>Мектепке даярлық</i>
<i>2019-2020</i>		3	3	4	2
2020-2021 ж.		3	4	3	2

1.4. Балабақша отбасылары туралы мәлімет.

Балабақшаның педагогикалық ұжымы балалардың ата-аналарымен тығыз байланыста. Тоқсан сайын ата-аналарға арналған жиналыстар өткізіледі. Тәрбиешілер баяндама, дәріс, тренинг, топтық жұмыс, дөңгелек үстел және т.б. жұмыс түрлерін қолданады. Ата-аналарға арналған конкурстар, байқаулар, ашық есік күндер ұйымдастырылады. Жылына 4 рет жалпы ата-аналар жиналысы өткізіледі. Жылдың аяғында психолог ата-аналардан әлеуметтік зерттеулер өткізіп, олардың балабақша жұмысымен қанағаттанарлықтарын анықтайды.


Отбасылық жағдай туралы мәлімет.

Топтың аты	Жалпы бала саны	Жалпы аға-ана саны	Толық жанұя	Толық емес жанұя	Көп балалы жанұя	Сәтсіз жанұя	Жоғары білімді	Арнаулы орта	Орта білімді	Жеке кәсіпкер	Жұмысшы	Жұмыссыз
«Нұршуақ»	29	38	17	4	1	1	8	20	10	2	30	6
«Қонжық»	27	38	18	2			6	15	17	1	30	7
«Қарлығаш»	25	40	19	2			10	18	12	2	25	13
«Жұлдызша»	20	36	16	4			7	11	18		29	7
«Балапан»	28	24	12				8	10	6		17	7
«Ботақан»	23	40	20				14	26		3	35	2
«Самұрық»	20	41	20	1			15	25	1	3	37	1
Жалпы саны	172	257	122	13			68	125	64	11	203	43


Берілген кестені сараптағанда балабақшада сәтсіз жанұя мен көпбалалы жанұяның аз болғандығы анықталып, білімді ата-аналар саны қанағаттанарлық күйде екендігі анықталды.

2019-2020 оқу жылының жалпы ата-аналардың әлеуметтік төлқұжаты:


Жалпы ата-аналар саны-257.




Білім деңгейлері




Жұмыспен қамтылу



Жас көрсеткіштері



Отбасында тәрбиеленетін балалар санының көрсеткіші



II БӨЛІМ. Оқыту-тәрбиелеу процесінің жағдайын сараптау.

2.1. Балабақшадағы оқыту процесінің жағдайы мен құрал-жабдықтары.

Балабақшаның бөлмелері туралы:

Топтық бөлмелер	Барлық 12 топта балалар деңгейлеріне және жас ерекшеліктеріне сай жаңа жиһаз және ойыншықтар бар. Әрбір топтың ойын бөлмелерінде Кварц орнатылған.
Музыка залы	Актзалында музыка орталық бар: Сахналық қойылымға арналған костюмдер бар.
Дене шынықтыру залы.	Спорттық инвентарлар бар.
Психолог кабинеті.	Әдістемелік әдебиеттер мен құралдар бар.
Медицина блогы.	Толық жабдықталған.
Әдістемелік кабинет	Толық жабдықталған.
Орыс тілі және ағылшын тілі кабинеті	Талапқа сай безендірілген. Қажетті дидактикалық материалдар бар. Толық жабдықталған.
Бейнелеу кабинеті	Талапқа сай безендірілген. Қажетті дидактикалық материалдар бар. Толық жабдықталған.

Әдістемелік кабинет үнемі әдістемелік әдебиеттер мен білім саласындағы жаңалықтарға толы басылымдармен қамтамасыз етіледі.

Аталмыш кабинетте тәрбиешілерге ҰОҚ-не дайындалуға көп жағдай жасалған: балабақшадағы 5 салаға байланысты дидактикалық материалдар, қосымша журналдар, интернет желісі ұйымдастырылған.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының білім беру әрекеті үлгілік оқу бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады. Қосымша білім ағылшын тілі, орыс тілі, сурет салу ҰОҚ арқылы беріледі. Оқу процесінің сағат сандары, бағыттары аталмыш бағдарламалармен анықталады. Педагогтер баламен жеке қарым-қатынас орнатып, сенсорлық тәрбие, қарапайым математикалық ұғымды қалыптастыру жұмысын белсенді ұйымдастырады.

«Құрастыру» бағыты бойынша қиындықтар кездеседі: қажетті материалдардың жеткіліксіздігі.

Балабақшада білім беру процесін ұйымдастыру үшін гигиеналық талаптар сақталып, жағымды психологиялық ахуал орнатылған. Жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- Балабақшаның жұмысын жүзеге асыру мақсатында бағдарламалар енгізілген және жаңа әдістер қолданылды.
- Бағдарлама және санитарлық- гигиеналық талаптарды орындау бойынша дамыту ортасы құрылған.
- Балабақшада және отбасында бала тәрбиесі мен даму процесіне көңіл аудару бойынша ата-аналарды жұмысқа қатыстыру.
- Сонымен, білім беру үрдісі қалыпты деңгейге сәйкес.

2.2. Балабақшаның педагогикалық процесін ұйымдастыру ерекшелігі.

Балабақшаның тәрбиеленушілерінің оқыту стандарттарын жақсы меңгергені туралы олардың мектепке дайындығының деңгейі арқылы көрінеді. № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасында педагогикалық үрдісті ұйымдастыру ерекшеліктері: вариативтік сағаттар. Төменде көрсетілген бағдарламалар қолданылды:

<i>№</i>	<i>Оқу жылы</i>	<i>Бағдарлама тақырыбы</i>	<i>Авторлар</i>
1	2019-2020 ж.	«Кішкентай зерттеуші»	Турмуханбетова Румиса
		«Бәрін білгім келеді»	Раймбаева Тамара
		«Көңілді ағылшын»	Кожамуратова Гүлнұр
		«Арт-терапия сиқыры»	Есенова Гүлнар
		«Қауіпсіздік әліппесі»	Биржанова Үміт
		«Монтессори әлемі»	Дүйсенбина Бағила

Балабақшаның оқыту–тәрбиелеу жұмысында инновациялық технологиялар қолданылып келеді. Алдағы уақытта, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдістемелік жұмысты жаңарту бағытында төмендегі инновациялық технологиялар жүзеге асырылады.

1. Денсаулық сақтау технологиясы

2. Жобалы-іс шығармашылық технологиясы

3. Зайцев технологиясы

4. Әуенді кесте технологиясы

5. Дамыта оқыту технологиясы

6. Ақпараттық коммуникациялық технология

7. Ойын технологиясы

8. ТРИЗ технологиясы

Балабақшада Монтессори педагогикасы кеңінен қолданылып келеді, Монтессори әдісіне арналған кабинет бар, кабинет талаптарға сай толық жабдықталған. Сонымен бірге, робот техникасына балалардың қызығушылықтарын дамыту мақсатында «Робот техникасы арқылы баланың құрастыру дағдыларын дамыту» тақырыбында эксперименттік жұмысы жүргізіліп келеді.

2.3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұндағы білім беру процесі

Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» және 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауларындағы және мемлекеттік «**Рухани жаңғыру**», «**Мәңгілік ел**» бағдарламалары аясындағы тапсырмаларын орындауда № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы алдағы уақытта төмендегі міндеттер бойынша жұмыстар атқарады:

- 1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны жағдайында білім беру процесі*
- 2. Мектепалды даярлық;*
- 3. Қауіпсіз білім беру ортасы;*
- 4. Инклюзивті білім беру;*
- 5. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі*

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны жағдайында білім беру процесі

Ұлт көшбасшысы – ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беруде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды дамытуға, коммуникативтілік пен командада жұмыс істеуге басымдық беріле бастағанына назар аударғанын ескере келе, № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы алдағы уақытта оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде жаңартылған білім беру мазмұны Бағдарламасының түйінде идеяларын басшылыққа алады.

4К	<ul style="list-style-type: none"> • Креативтілік • Командада жұмыс істеу • Коммуникативтілікті дамыту • Сыни ойлау
Бала үні	<ul style="list-style-type: none"> • Дербестігі • Қызығушылықтары • Қажеттіліктері
Ойын	<ul style="list-style-type: none"> • Тәрбиеші жетекшілігімен жүргізілетін ойын • Құрылымдалған ойын • Еркін ойын
Бақылау	<ul style="list-style-type: none"> • Қадағалау • Танымдық оқиға • Фактілерге негіздеу • Деректерді тіркеу
"Тұтас бала" бейнесі	<ul style="list-style-type: none"> • Бала - Тәрбиеші - Ата-ана • Мектепке дейінгі білім - Мектепалды даярлық - Мектеп

Алдағы уақытта , Бағдарламаның негізгі түйінді идеясын, ұйымдастырылған оқу қызметтерін жоспарлауда және оқыту мен тәрбиелеу үдерісіне енгізу көзделуде:

- ✚ Сыни ойлау;
- ✚ Проблемаларды шығармашылықпен шеше білу;
- ✚ Сындарлы диалог және қарым-қатынас;
- ✚ Командада жұмыс істеу.

2. Мектепалды даярлық.

Бағдарламаның негізгі түйінді идеясы басшылыққа алынады: Бала – Тәрбиеші – Ата-ана – Мектепке дейінгі білім – Мектепалды даярлық – мектеп.

Міндеттері:

- ❖ Балалардың оқу қызметінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру;
- ❖ Мектепке қолайлы бейімделуге қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру;
- ❖ Ұжымдық қызметтегі бірлескен іс-әрекет дағдыларын тәрбиелеу;
- ❖ Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- ❖ Баланың мектепке дейінгі эмоциялық-жағымды қарым-қатынасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

№	Іс-шаралар, жұмыстың түрлері	Мерзімі	Жауапты
Ұйымдастыру-педагогикалық қызмет			
1	Балабақша мен мектеп арасындағы мектеппен сабақтастық жоспарын бекіту		МДҰ әдіскері, оқу ісінің меңгерушісі
2	Көмек көрсету: - концерттер, театрлық іс-әрекет; - балалар жұмысының бірлескен көрмесі; - ойыншықтарды толықтыру, жаңартуға көмек; - қыс қалашығын тұрғызуға көмектесу.		Әдіскер, ересек топтың тәрбиешілері
3	МДҰ тәрбиеленушілерінің мектепке экскурсияға, тақырыптық кештерге қатысуы: - Білім күніне арналған бірінші қоңырауға қатысу; - математика, жазу, ана тілі т.б. сабақтарға қатысу (мұғаліммен келісе отырып); - мектептің мұражайына бару		Әдіскер, ересек топтың тәрбиешілері, оқу ісінің меңгерушісі, бастауыш сынып мұғалімдері
4	Тәрбиеленушілердің уақытында медициналық тексерістен өтуі		Медбике
5	Ересек топтағы «Мектеп» сюжеттік-рольдік ойынына қажетті атрибуттарды жинау		Тәрбиешілер
6	Ашық есік күні аясында балабақша тәрбиеленушілерінің мектепке экскурсияға баруы		МДҰ әдіскері, оқу ісінің меңгерушісі мұғалімдер, тәрбиешілер

Ақпараттық-әдістемелік жұмыс		
1.	Психологиялық-педагогикалық саласындағы жаңалықтар, бастауыш және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудағы жаңалықтар	МДҰ әдіскері, оқу ісінің меңгерушісі мұғалімдер, тәрбиешілер
2.	Оқыту-тәрбиелеу үдерісін жетілдіру, жаңарту	Әдіскер, тәрбиешілер
3.	Оқу іс-әрекеттеріне, сабақтарға өзара қатысу	Әдіскер, тәрбиешілер, мұғалім
4.	Педагогикалық және әдістемелік кеңестерге, семинарларға қатысу	Әдіскер, тәрбиешілер, мұғалім
Диагностикалық, талдау жасау, түзету жұмыстарын ұйымдастыру		
1.	Ересек топтан даму индикаторларын алу	Тәрбиешілер
2.	Балалармен түзету-дамытушы жұмыстар жүргізу (медициналық-педагогикалық тексеріс негізінде)	Психолог, тәрбиешілер, логопед
3.	Медициналық карталарды толтыру, өзгерістерді тіркеп отыру	Медбике
4.	Мектепке дайындық деңгейлерін анықтайтын диагностика жұмыстарын жүргізу	Психолог
5.	Балаларға логопедиялық тексеріс жүргізу	Логопед
Отбасы, мектеп пен балабақшаның өзара байланысы.		
1.	«Баланың қол моторикасын жазуға дайындау жолдары»	Топтың тәрбиешілері
2.	«Мектепке барар жол»	Топтың тәрбиешілері
3.	Ата-аналарға арналған ақпараттық стенд: «Болашақ мектеп оқушысы», «Бүгінгі бүлдіршін-ертеңгі оқушы»	Тәрбиешілер
4.	Тақырыптық көрме ұйымдастыру: - «Мектепке барамыз»; - «Бірінші класқа баратын оқушы не білу керек?»	Тәрбиешілер, қосымша білім беру мамандары
5.	Ата-аналардан сауалнама алу: «Балаңыз мектепке дайын ба?»	Психолог
6.	«Баланы мектепке дайындаймыз. Мектеп өмірінің қарсаңындағы отбасы» тақырыбында мұғалімдердің қатысуымен ата-аналар жиналысын ұйымдастыру	Меңгеруші, әдіскер, мұғалімдер, қосымша білім беру мамандары

<i>№</i>	<i>Мектепке дейінгі білім берудің нәтижесінің көрсеткіштері</i>	<i>Қолданады</i>	<i>Жасайды</i>	<i>Түсінеді</i>
1	2017-2018 оқу жылында бітірген балалар саны	81		
2	Жалпы балалар саны	323		
3	<i>Тәрбиеленушілердің базистік бағдарламаны игеру диагностикасының қорытындысы:</i> «Әлеумет» «Шығармашылық» «Қатынас» «Таным» «Денсаулық»	37% 26% 28% 28% 38%	38% 51% 49% 42% 38%	22% 21% 21% 0% 15%
4	2018-2019 оқу жылында бітірген балалар саны	22		
5	Жалпы балалар саны	286		
6	<i>Тәрбиеленушілердің базистік бағдарламаны игеру диагностикасының қорытындысы:</i> «Әлеумет» «Шығармашылық» «Қатынас» «Таным» «Денсаулық»	39% 39% 39% 38% 42%	6,6% 20% 24% 24% 24%	16% 40% 37% 37% 33%

Жыл ойы өткізілген мониторинг балалардың жақсы толыққанды даму көрсеткіші болып табылады. Қорытындылай келе балабақшада берілген білім балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты мүмкіндіктеріне және олардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға сәйкес. Балалармен жүргізілген жұмыстар:

- Тіл дамыту және көркем әдебиетпен танысу;
- Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;
- Сауат ашуға үйрету;
- Экологиялық тәрбие беру;
- Логикалық ойлау элементтерін дамыту;
- Бейнелеуге үйрету;
- Құрастыруға үйрету;
- Кеңістікпен таныстыру;
- Музыкалық сабақтар және қозғалысты дамыту;
- Дене шынықтыру сабақтары.

Ересектер мен балалардың өзара әрекетінен ойын, әңгімелесу, оқу, серуендеу және т.б. туындайды. Тәрбиеленушілер көптеген аудандық, облыстық шараларға қатысып, орындар алды. Балабақшада өткізілген диагностикаларды сараптағанда балабақшаға көп келмеген балалардың көрсеткіштері

төмен болады екенін көрсетті. Олармен жеке жұмыс жүргізіледі. Сонымен білім беру үрдісінің мазмұны балабақшада даму бағытында жүргізіледі. Олай болса, келешекте балалардың ақыл ой және көркемдік- эстетикалық дамуына қолайлы жағдай жасауға көңіл бөлінеді.

3.Қауіпсіз білім беру ортасы

Баланың өмірі мен денсаулығын қорғау – мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеті.

Қауіпсіз білім беру ортасын құрудың негізгі міндеттері:

- ✓ -мектепке дейінгі ұйымдардың материалдық-техникалық базасын
- ✓ нығайту;
- ✓ мектепке дейінгі ұйымдарды өртке қарсы және күзет жабдықтарымен,
- ✓ бейнебақылау камераларымен жарақтандыру;
- ✓ өрт қауіпсіздігі ережелерін және қауіпсіздік техникасы ережелерін
- ✓ орындау;
- ✓ санитариялық ережелер талаптарын сақтау;
- ✓ мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің қауіпсіз жүріс-тұрыс негіздері
- ✓ бойынша құзыреттілік деңгейін арттыру (нұсқаулар, тренингтер, стендтік
- ✓ ақпараттар, әңгімелер және т. б.);
- ✓ мектепке дейінгі ұйымда қауіпсіз білім беру ортасын құруға ата-аналарды тарту;
- ✓ балаларды балабақшада, үйде, көшеде қауіпсіз жүріс-тұрыс негіздеріне
- ✓ оқыту үшін заттық-дамыту ортасын құру (жол қозғалысы ережелері, балалар
- ✓ әдебиеті, демонстрациялық материал және т.б.).

№	Жұмыс атауы	Мазмұны	Мақсаты	Міндеттері
1	«Қауіпсіздік әліппесі»	Адаптивтік бағдарлама	Мектеп жасына дейінгі баланың зеректігін тереңдету және қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.	<ul style="list-style-type: none"> ✚ Мектеп жасына дейінгі балаларға қауіпсіз жол тәртіп ережелері туралы бастапқа мағлұмат беру; ✚ Балалардың көшедегі, қоғамдық көліктегі мәдени дағдыларын дамыту; ✚ Балаларды қоршаған ортаны тануға бейімдеу. ✚ Қоршаған ортадағы төнетін қауіп-қатерден сақ болуға, балаларға ұғындыру жеңілден, ауырға қарай таныстырылады. ✚ Үлкендердің айтқандарын орындауға, сақ, абай болуға тәрбиелеу.

2	«Мен де аман болайын!»	Тақырыптық апталық өткізу	балабақша қызметкерлері, тәрбиеленушілері, ата-аналары арасында антитерроризм ұғымын түсіндіру, сақ болу, өмір қауіпсіздігін сақтауға үйрету.	<ul style="list-style-type: none"> ✚ Балаларды өмір қауіпсіздігін сақтауға тәрбиелеу; ✚ Өз өмірлеріне жауапкершілікпен қарауға үйрету
3	«Жол тәртібін сақтайық!»	Тақырыптық апталық өткізу	ЖЖЕ туралы тәрбиеленушілердің түсініктерін, білімдерін кеңейту	<ul style="list-style-type: none"> ✚ Балаларға ЖЖЕ түсіндіру, жол ережелерін сақтауға тәрбиелеу; ✚ Өз өмірлеріне жауапкершілік сезімдеріне тәрбиелеу
4	«Мен және менің құқығым»	Тақырыптық апталық өткізу	балаларды құқықтық дайындау, балалар құқығы туралы БҰҰ Конвенциясының ережелерін білу, оларды өздерін және достарын қорғау үшін қолдану.	<ul style="list-style-type: none"> ✚ Балаға өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіру; ✚ Өз құқықтарын білуге үйрету; ✚ Өз міндеттерін сезін білуге тәрбиелеу
5	«Өрттен сақ болайық!»	Тақырыптық апталық өткізу	Өрттен сақ болуға тәрбиелей отырып, өз өмірлерінің қауіпсіздіктерін сақтай білуге тәрбиелеу	<ul style="list-style-type: none"> ✚ Қоршаған орта туралы және күнделікті тұрмыста қолданатын электр құрылғыларының адам өміріндегі маңызын түсінуді қалыптастыру ✚ Өрттің қауіптілігін сезінуге үйрету ✚ Өрт сөндіруші мамандығын балаларға түсіндіре отырып, өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтау қажеттілігі туралы түсініктерін бекіту ✚ Өрт кезінде өзін ұстай білу дағдыларын дамыту ✚ Балаларды тәртіптілік, шыдамдылық, зейін қою, нақтылық, сабырлық қасиеттеріне тәрбиелеу

4.Инклюзивті білім беру.

Инклюзивті білім берудің негізгі міндеттері:











- ✚ ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды түзеу арқылы қолдау үшін жағдай жасау;
- ✚ ерекше білім берілу қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде балалар мен ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету.
- ✚ Арнайы түзету оқу қызметі, шағын топпен, балалармен және ата-аналармен арнайы топтар мен инклюзивті оқытатын топтарда жеке және консультативтік жұмыс арқылы іске асырылады.

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
Ұйымдастыру жұмыстары			
1	<p><i>ПМПК № 1 отырысы:</i> ПМПК құрамын бекіту ПМПК кеңесі жұмысының жоспарын бекіту ПМПК кеңесі құрамының арасында қызметтерді үлестіру ПМПК тексерісіне жіберуге тізім дайындау, бекіту.</p> <p><i>ПМПК № 2 отырысы:</i> Инклюзивті білім берудің мәселелері, жаңалықтары. Балалармен жүргізілетін түзету жұмыстарының аралық тексеріс қорытындылары</p> <p><i>ПМПК № 3 отырысы:</i> Қосымша мамандар мен тәрбиешілердің балалармен жүргізілетін түзету жұмыстарының қорытындысы. Балабақшадағы инклюзивті оқыту жұмыстарының мәселелері.</p>		<p>Әдіскер, кеңес мүшелері</p> <p>Әдіскер, кеңес мүшелері</p> <p>Әдіскер, кеңес мүшелері</p>
Психологиялық – педагогикалық жұмыс			
1	Бала дамуының деңгейінің диагностикалау, Түзету жұмыстарын қажет ететін балаларды анықтау және тізімін құру	қыркүйек	Тәрбиешілер, қосымша мамандар
2	МДҰ-ғы түзету жұмыстарын қажет ететін балаларды аудандық түзету орталығына тіркеу	Қазан	Тәрбиешілер, қосымша мамандар
3	Балаларға арналған жеке бағдарлама құру	қараша	Тәрбиешілер, қосымша мамандар
4	ПМПК орталығына балаларды тексерістен өткізуге өтініш беру	қазан	Тәрбиешілер,

			қосымша мамандар
5	Балалармен түзету жұмыстарын жүргізу	Жыл бойына	Тәрбиешілер, қосымша мамандар
6	Түзету жұмыстарына мұқтаж балаларға тең дәрежедегі қарым – қатынасты МДҰ-ғы түрлі іс-шаралар арқылы қалыптастыру	Жыл бойы	Тәрбиешілер, қосымша мамандар
7	«Әрбір бала-бір жұлдыз, жарықаруына көмектес» инклюзивті оқыту бойынша апталық	қаңтар	Әдіскер
Ата-аналармен жұмыс			
1	Балалардың ПМПК қорытындысымен ата-аналарды таныстыру	ақпан	Тәрбиешілер, қосымша мамандар
2	Балаларды ПМПК тексерістен өткізу үшін ата-аналармен келісімшартқа отыру	Жыл бойына	Әдіскер
3	Балаларды түзету жұмыстары бойынша ата-аналарға жеке кеңестер беру	Ай сайын	ПМПК мүшелері

5. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі

Кәсіби құзыреттілік:

-  *біліктілікті арттыру жүйесі;*
-  *педагогикалық қызметкерлерді атқаратын лауазымына және біліктілік санатына сәйкес аттестаттаудан өткізу;*
-  *педагогтардың өздігінен білім алуы;*
-  *әдістемелік бірлестіктер, педагогикалық кеңестер, конференциялар,*
-  *шеберлік сыныптары жұмысына белсенді қатысу;*
-  *заманауи білім беру, ақпараттық – коммуникациялық технологияларды,*
-  *педагогикалық құралдарды меңгеру және оларды үнемі жетілдіру;*
-  *түрлі жобаларға, зерттеу жұмыстарына қатысу;*
-  *озық тәжірибені зерделеу, өз педагогикалық тәжірибесін жариялау;*
-  *тәлімгерлік арқылы жүзеге асырылады.*

2.4. Дамыту ортасын ұйымдастыруды сараптау.

Білім беру бағдарламаларына сәйкес топтарда дамыту ортасы ұйымдастырылған. Ол замануи талапқа сай. Педагогтер топтың барық кеңестігін рационалды және дұрыс пайдаланған. Әрбір бала өзінің қызығушылығына сәйкес жұмыс табады. Топта сюжеттік ойындарға арналған бұрыш, қол еңбегіне, ақыл ой дамытатын, сурет салу, театр бұрышы, тіл дамыту бұрыштар, музыка, спорт бұрыштары бар. Сонымен қатар баланың өсімдік пен жануарлар өмірі туралы түсініктерін қалыптастыру үшін табиғат бұрышы ұйымдастырылған. Бұл бұрышта балалар гүл және жануарларды күтіге практикалық тұрғыда үйренеді. Балабақша территориясында дамыту ортасын ұйымдастыру проблемасы бар: спорттық құралдарды, ойнау алаңдарын

дұрыстау. Сонымен, топта баланың дамуына қажетті дамыту ортасы ұйымдастырылған. Болашақта проблеманы шешу- балабақша территориясын жабдықтау, топтарға ойын орталықтарын алу, дидактикалық әдістемелерді жасау.

Дамыту орталығы:



2.5. Білім беру үрдісін сүйемелдеу қызметтерін сараптау.

Медициналық қамтамасыз ету жұмысы балабақшаның медбикесі арқылы жүргізіледі. Ол педагогтер мен ата-аналармен тығыз байланыста болады. Медбике балабақшаның санитарлық- гигиеналық жағдайын, дене шынықтыру- сауықтыру жұмысын, балалардың ауруларының өзгерістерін бақылайды, аудандық ауруханамен байланыс жасайды. Балабақшаның санитарлық жағдайы қанағаттанарлық күйде. Тек қана топтар ғана емес, сонымен қатар асханада, кабинеттерде, музыка және спорт залдарда тексеріледі. Балалар жарақаттануын алдын алу жұмысы да жүргізіледі. Ұжымның жұмыс жасау факторының бірі- балалар денсаулығының көрсеткіші.

2019-2020 оқу жылдарында балалар ауруларының көрсеткіші:

<i>Ауру түрлері</i>	<i>Тіркелгені</i>
ОРЗ	92
Бронхит	17
Ангина	12
Аллергия	5
Жарақат	0
Ветр.оспа	59
Басқа ауру	16
Барлығы:	201

Ұжымның жұмысы балалардың денсаулығы арқылы көрінеді. Ай сайын балалардың ауруын сараптап, анализ жасалып, тәрбиешілер отырысында қаралады. Жартыжылдық есеп жүргізіліп, педкеңесте, өндірістік жиналыста қарастылады. Қорытындысы бойынша мониторинг жасалады. Балалар қатасымы бойынша жартыжылдық есеп жасалып, жақсы қатысым болған топтар марапатталады. Балалардың жылдық медициналық тексерісінен өткеннен кейін анализ жасалып, балабақшаны жіберу азаяды. Бірақ балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту жұмысы да жақсы деңгейге қойылған: әртүрлі спорттық шаралар, сауықтыру шаралары, ұйқыдан тұрғаннан кейінгі гимнастикалық жаттығулар үнемі өткізіледі.

Балалардың салқын тиіп ауруын алдын алу бойынша медбике педагогтер мен ата-аналар арасында дәрістер, баяндамалар, кеңестер жиі өткізіліп тұрады. Дәрі-дәрмектер балабақшада жеткілікті.

Тамақты дәрумендіру жұмысы да уақытылы өтеді. Балабақшада 10 күндік екі мерзімдік (қысқы- көктемгі, жазғы-күзгі) ас мәзірі бар. Ас мәзірі аудандық СЭСпен бекітілген. Тағамдар технологиялық карталарға сай дайындалады.

Балабақшада психолог және дефектолог жұмыс жасайды. Тәрбиеленушілерді жыл бойы зерттеп, бақылап, олардың даму деңгейлерін анықтап, ауытқушылығы бар балалармен түзету жұмысын және қабілетті балалармен дамыту жұмыстарын жүргізеді. Олар балаларға тек көмек көрсетіп қана қоймай, педагогтарға және ата-аналарға кеңес береді, отбасылармен тығыз байланыс орнатып, бала тәрбиесі бойынша мұқтаждықтарын біліп, қажетті бағыт-бағдар беріп отырады. Ата-аналарға психолог және дефектолог ашық ҰОҚ, ашық шаралар, семинарлар, апталықтар өткізеді, тақырыптық стенд дайындайды.

Балабақшада психологиялық сүйемелдеу жұмысы психологиялық- педагогикалық ережеге сай ұйымдастырылған. Ата-аналардың және тәрбиешілердің сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында шаралар ұйымдастырылған. Психологтың ең алғашқы жұмысы- балалардың жаңа ортаға бейімделі процесін зерттеуден басталады. Аталмыш зерттеу қорытындысы бойынша топтағы балалардың жаңа ортаға бейімделу процесі қанағаттанарлық деңгейде. Зерттеу өткізу барасында психолог тек қана балалармен ғана емес, соынмен қатар олардың ата-аналары мен және тәрбиешілермен де жұмыс жүргізді: сауалнамалар алынды, кеңес беріліп, тренинг өткізілді. Психолог жылдық жоспары балабақшаның барлық жұмысын қамтып, психологиялық- педагогикалық көмек пен қолдау берілді.

Психолог жыл бойы балабақшаның ересек топтарымен де мектепке дайындық жұмыстарының деңгейін бақылап отырады. Қыркүйек айында ересек топ балалармен алғашқы жұмыстар өткізіледі: жеке және топтық күйінде тесттер алынады, ата-аналар және тәрбиешілермен сауалнамалар жүргізілді. Сәуір-мамыр айларында мектепке дайындық тестінің соңғы зерттеулері алынып, жалпы және жеке бала бойынша қорытындылар жасалынады. Содан соң психолог жиналыста ата-аналарды зерттеу нәтижесімен таныстырып, жаз мезгілінде үй жағдайында баламен жұмыс жасау нұсқаулықтары мен кеңестерін айтып, жадынама таратады.

Балалардың мектепке дайындық жұмысының қорытындысы:

Жылдар	Жоғары деңгей		Ортаңғы деңгей		Төменгі деңгей	
	Қатысқан балалар саны	%	Қатысқан балалар саны	%	Қатысқан балалар саны	%
2019-2020 оқу жылы						
2020-2021 оқу жылы						
2021-2022 оқу жылы						

Логопед- дефектологтің негізгі қызметі- балаланың тілінің мүкістігін уақытында анықтап, қажетті көмек бері, тіл саулығын жүргізуде. Логопед жылдық жоспар жасап, тізіміне алғаш 10 баланы алды. Олармен бір жыл бойы әртүрлі жеке жұмыстар жүргізіп, олардың ата-аналарына және тәрбиешілеріне ұсыныс айтып баланың тіл мүкістігін жөндеуге жұмыстанды.

Білім беру үрдісін сүйемелдеу қызметтері: медицина, психология және логопедия жұмысын сараптаған кейін олардың жұмыстануына баға қойылып, кемшіліктер атап көрсетілді:

- Медициналық сүйемелдеу жұмысын сараптап келгенде, келесі кемшіліктер немесе жетіспеушілік анықталды: дене шынықтыру, сауықтыру шараларын жүйелеу, таңертеңгілік гимнастика жұмысын реттеу т.с.с. жұмыстарды бақылау әлсіз. Ағарту жұмысы да қажетті деңгейде жүргізілмейді. Балалардың балабақшада жеке ерекшеліктерін ескеру және балалар денсаулығының жағдайы жүйелі деңгейге қойылғаны жөн;
- Психологиялық сүйемелдеу үдерісінде балалармен жеке жұмысқа назар аударып, түзету-дамыту жұмысын жоғары деңгейге көтеру қажет; психологиялық клуб жұмысы мен бағдарлама жазу сияқты инновациялық әдістерге бет бұру қажеттілігі туындап отыр.
- Логопедиялық жұмыста ең бірінші арнайы кабинетің болмуы, одан соң тиісті әдістемелер мен құрал-жабдықтардың аздығы жұмыстың толық жүргізілуіне кедергі келтіреді.

Жалпы жұмысын қорытындылағанда үш саланың да әлі де тәжірибенің аздығы, құзырлығының сай еместігі, ата-аналар мен педагогтермен тығыз байланыс құрудың әлсіз болуын атап кетуге болады.

Педагогикалық ұжымның жұмыс нәтижесі дөңгелек үстелдерде, педагогикалық кеңестерде талқыланады.

2.6. Жас педагогтермен жұмыс.

Мақсаты: жас тәрбиешілермен жас педагогтардың кәсіптік өсуіне қолайлы жағдай туғызу.

Міндеттері:

- 1) Жас педагогтар мен жас тәрбиешілерді жаңа ұжымға жеңіл бейімделуін қамтамасыз ету. Сол жағдайда оларға психологиялық және эмоционалдық көмек пен қолдау көрсету;
- 2) Жас тәрбиешілер мен жас педагогтардың кәсіптік құзыреттілігі мен кәсіптік шеберліктерін көтеру мақсатында тиімді әдістер қолдану;
- 3) Жетекшілермен жүйелі жұмыс жүргізу;

Жас тәрбиешілер мен жас педагогтармен жұмыс 3 аспектіде жүреді:

«Әдіскер- жас тәрбиеші»	«Жас тәрбиеші- бала және ата-анасы»	«Жас тәрбиеші- әріптес»
<ul style="list-style-type: none">➤ Жас тәрбиешінің жұмысқа бейімділігін жеңіл болуына жағдай жасау;➤ Қажетті біліктілік пен дағдыны қалыптастыру;➤ Әдістемелік кабинет жұмысымен таныстыру, әдістемелік әдебиеттер мен материалдармен қамтамасыз ету.	<ul style="list-style-type: none">• Бала мен олардың ата-аналарының алдында жас тәрбиешінің беделін көтеру жұмысын жүргізу;	<ul style="list-style-type: none">▪ Әріптестер тарапынан қолдау.

Төменде аталған факторларды ескере отырып, жас тәрбиешілердің кәсіптік деңгейлерін көтеру процесі өтеді:

- Теория жағынан дайындылық деңгейі;
- Жеке тұлғалық ерекшеліктері;
- Тәрбиешінің өзінің кәсіптік мақсатқа жету қажеттілігін түсіну жағдайы;
- Баламен жұмыс жасаудағы тәжірибесі.

Қазіргі таңда жетекшінің рөлі де едәуір үлкен. Төменде көрсетілген кесте бойынша жетекшінің өзара байланысы байқалады:



Жас тәрбиеші мен жас педагогтардың кәсіптік өсу сатылары

<i>Сатылары</i>	<i>Жұмыс мазмұны</i>
<p>1-ші саты. Бейімделу уақыты.</p> <p><i>Міндеттер:</i> жанжалды болдырмау, тәрбиеші мен педагогты қолдау, өзіне сенімділігін арттыру.</p>	<p>Бейімделуге енеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балабақша меңгерушісімен әңгімелесу, лауазымдық міндеттерімен, еңбек жағдайымен, ішкі еңбек тәртіп ережелерімен танысу. - Нормативтік-құқықтық базаны меңгеру. Құжаттарды жүргізу. - Сауалнама алу (алғашқы қиындықтарын анықтау) - Міндетті түрде тәжірибелі тәрбиешінің тобында практика өтеді. Өткен практикадан кейін әдіскермен, тәжірибелі тәрбиешімен кездесіп, жұмыс туралы пікірлеседі. - Жас тәрбиешіге жетекші беріледі. - Педагогтың ақпараттық картасын толтыру. - Өзін-өзі жетілдіру жоспарын құру. - «Жас педагог мектебі» Мақсаты: кәсіптік әрекет барасына жас педагогты баулу, соынмен қатар оларда өзіндік білімін жетілдіруге қажеттілігін тәрбиелеу және қалыптастыру. <p>Күтілетін нәтиже:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Кәсіби құзырлығы, өзін жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тәрбиеші мен педагог дайындау, 2) Педагогикалық сайыстар мен жарыстарға қатысатын шебер ұстаз;
<p>2-ші саты. 2-3 жылы.</p> <p><i>Міндеттер:</i> кәсіптік дағдылардың даму процесі, тәжірибе жинақтау, балалармен жұмыс жасаудағы жақсы әдіс-тәсілдер іздестіру, балалар мен ата-аналар, әріптестер арасында беделді болу.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - өзінің және басқа балабақшалардағы әріптестірінің жұмыс тәжірибесін зерттеу; - өзінің кәсіптік деңгейін көтеру- қалалық, аудандық, облыстық семинарларға, сабақтарға, шараларға қатысу. - ашық сабақ беру; - педагогикалық сағат, педагогикалық кеңеске қатысу; - диспут, педагогикалық идеялар көрмесі, іскерлік ойындар, мастер-кластар, тренингтер және т.б. - тақырыптық семинарлар өткізу; - тренингтер өткізу;

<p>3-ші саты. 4-5 жылы.</p> <p>Міндеттер: кәсіптік деңгейді көтеру, жинаған тәжірибесімен бөлісу, авторлық бағдарламалар дайындау, баспа беттеріне мақалалар шығару, облыс, аудан көлемінде іс-тәжірибесін тарату және т.б.</p>	<p>- жалпы жұмыс жүйесі қалыптасады, өзіндік жұмыстар болады; - өз жұмысына жаңа технологияларды енгізеді.</p> <p>- өзін өзі жетілдіру жұмысы, өзіндік даму жұмысы жүреді, өз тәжірибесін жинақтайды.</p>
---	---

Нәтижелілігі:

- жас маман өз білімін толықтырады және жетілдіреді;
- педагогикалық білімін толықтыруға мұқтаждық қалыптасады, ойлау қабілеті жетіледі, оқыту- тәрбиелеу процесін болжау және модельдеу қажеттілігі туындайды.

III БӨЛІМ. Жұмыстың болашақ бағыттарына мінездеме.

3.1. Дене шынықтыру-сауықтыру бағыты.

Балабақшаның қызметкерлері медбикемен бірге балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға аса көңіл аударады. Оқу жылының басында жоспарға балаларды сауықтыру және шынықтыру шараларын енгізіледі. Бала балабақшаға қабылданғаннан уақытта оның медициналық кітапшасына көңіл аударылып, ата-аналарымен әңгімелесіп, баланың денсаулығы туралы қорытынды мен кеңес алынады. Балабақшаның әрбір тобында бактерицидтік шамдар орнатылған, сонымен қатар денешынықтыру және музыка залдарында да шамдар бар. Медбике баланың денсаулығын бақылау мақсатында ай сайын мониторинг жасап отырады.

Дене шынықтыру залында балалардың денесінің шынығуына арналған құрал-жабдықтар бар: гимнастикалық жар, тренажерлік батуттар, гимнастикалық төсеніштер және т.б.

Белсенді қозғалысы үшін балаларда велосипед пен самокаттар да бар. Волейбол, баскетбол, футбол ойнайтын құралдар да бар. Кіші топ балаларына арналған құрғақ бассейн, сырғанақ бар.

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында тәрбиешілер күн тәртібіне сәйкес ұйқыдан тұрған соң массаждық төсеніштер мен тұзды алаша пайдаланады. Балалардың жынысына қарай, жас ерекшеліктеріне қарай төмендегідей жаттығулар өткізіледі:


- ✓ Таңертеңгілік гимнастика;
- ✓ Сумен шайыну (закаливание);
- ✓ Ояту гимнастикасы;
- ✓ Медико-педагогикалық бақылау;
- ✓ Серуендеу кезіндегі қозғалыс ойындары;
- ✓ Сабақтардағы сергіту сәті;
- ✓ Далада және залда дене шынықтыру жаттығулары;

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында балабақша тарапынан ата-аналарымен де тығыз жұмыстар өткізеді: жарыстар, сайыстар, дөңгелек үстелдер, кеңестер және т.б.

Дене шынықтыру сабағын өткізу барысында санитарлық-гигиеналық талаптар, сонымен қатар қауіпсіздік техникалары қатаң сақталады. Дене шынықтыру сабағын осы саланың маманы өткізеді. Төменде дене шынықтыру-сауықтыру шараларының жалпы жүйесі берілген:

Дене шынықтыру шараларының жалпы жүйесі.

Дене шынықтыру шараларының жалпы жүйесі



3.2. Эстетикалық бағыт.

Балалық шақ- баланың әсемдік пен көркемдікке баулитын қолайлы кезеңі. Бұл бағыттың негізгі мақсаты: баланы әдемілікті көру білуге, сезінуге, түсінуге үйрету; жамандық пен жақсылықты айыру; шығармашылықты дамытуға бағыттау.

Эстетикалық тәрбиенің бір саласы- музыка. Музыкаға баулуды жүргізетін музыка жетекшісі. Музыкалық тәрбие баланы ән ырғағын түсінуге, сезінуге, сүйуге үйретеді. Хормен айтуға, музыка бойынша би қозғалысына, музыка құралдарында ойнауға үйретеді. Бұл айтылған нәрсенің бәрі баланың зейінін, есте сақтауын, жігерлік қасиеттерін дамытады. Сонымен қатар музыка баланың адамгершілік қасиеттерін дарытып, жалпы адамзаттық мәдениетті қалыптастырады.

Музыка сабағында балалар ән айтады, композиторлармен, бимен танысады.

Эстетикалық бағыттың тағы бір ерекше саласы- бейнелеу. Баламен бейнелеу жұмысы бірнеше бағытта жүргізіледі:

- Суретшілермен танысу;
- Сурет салу;
- Апликация жасау;
- Ермексазбен жұмыс;
- Құрастыру;
- Дизайн және т.б.

Бейнелеу сабағын маман жүргізеді. Арнайы дәрісханасы бар. Онда балалардың жұмысы, атақты суретшілердің картиналары, әдістемелік әдебиеттер бар. Сабақта қолданылатын құралдар бағдарлама талаптарына және стандартқа сай.

3.3. Танымдық-тілдік бағыт.

Бұл бағыт бойынша балабақшада жақсы ұйымдастыру-оқыту орталығы құрылған: психолог, музыка залы, әдістемелік кабинет. Әрбір топта ойын және оқу құралдары бар, топтық және жеке жұмыс арналған құралдар да бар.

Ойын бөлмелері жарық, талапқа сай безендірілген. Балалар ойнау арқылы қоршаған ортамен танысып, қарым-қатынас құруға үйренеді. Балалардың сөздік қорын дамытуға тәрбиешілер барлық күшін салады. Оларға кітап, ертегі оқып беріп, жұмбақтар шешіп, жаңылпаштар айтып, сахналық қойылымдар жасайды. Тәрбиешілер дидактикалық материалдар қорын жинақтайды.

Осы бағыт бойынша анықталған мәселелер және оны шешу жолдары кестеде көрсетілген:

<i>Анықталған проблемалар</i>	<i>Шешу жолдары</i>
1. Сенсорлық тәрбие беру сабақтарында балалар берілген нәрсені көріп тұрып суреттеуге және зерттеуге қиналады.	1. Бірігіп әрекеттегенде міндетті түрде жұмбақтар, суреттеу ойындарын өткізу.
2. Көркем әдебиет және тіл дамыту сабақтарында балалар сөйлеу кезінде немесе драмалық ойындар көрсету барысында қателіктер жібереді.	2. Драмалық ойын құру кезінде, ертегілерді айтып бергенде жоспар- сызба қолдануға үйрету.
3. Балалар ертегілердің түсінігін айтып керген кезде қиналады, өзі тарапынан ойдан шығарып аяқтай алмайды.	3. Балалардың шығармашылық қиялын дамытатын ойын технологиясын қолдану.
4. Сауат ашу сабағын сараптау барысында төмендегідей проблемалар анықталды: - Сөзде әріпті интонациялық екпінмен айту қабілеті; - Ауызша қатаң және ұяң дыбыстарды айыру; - Берілген схемалық кесте бойынша сөз құру.	4. Балалардың сөзде әріпті интонациялық екпінмен айту қабілеті, ауызша қатаң және ұяң дыбыстарды айыру, берілген схемалық кесте бойынша сөз құруға бағытталған жұмысты үнемі балалармен жеке өткізу.
5. Практика жүзінде балалар жұмысты дұрыс орындайды, ал	5. Дефектологтың, психологтың және педагогтардың өзара қарым-қатынастырын нығайту арқылы балалардың тіл сауаттылығын жүргізу.

<p>түсіндіру кезінде қиналады.</p> <p>6. Балалардың тілдерін дамыту барысында негізгі негативті фактордың бірі- ата-аналардың пассивтік көзқарасы, неврологиялық белгілер, балалардың балабақшадан жиі қалуы.</p>	<p>6. Ата-аналармен тығыз байланыс орнату арқылы балалардың даму деңгейлерін анықтап, олармен жұмыс жасау бойынша жеке бағдарламалар құру.</p> <p>7. Балалардың сауаттылығын жетілдіру мақсатында проблемалық мақсатты шешетін дидактикалық ойындар үнемі жоспарлау.</p>
---	--

3.4. Әлеуметтік- тұлғалық бағыт.

Бұл аумақта балалар өзара достасуға, бір-бірімен ойнауға тәрбиеленеді, бір-біріне көмектесуге үйренеді. Әлеуметтік- тұлғалық бағыттың негізі- өзін өзі жағымды сезіну. Жылдың басына қарағанда балалар әлдеқайда өздерін еркін сезініп, сенімді болады. Бірақ осы бағытта жұмысты тоқтатпай, әрбір тәрбиеленуші оны балабақшада жақсы көретіндігін сезінуге тиіс. Әлеуметтік дағдыны балалар қиындықпен үйренеді. Яғни, олар жанжал кезінде шеім қабылдау, жаңа адаммен қарым-қатынас құру жолдарын әлі де білмейді. Сондықтан ересектер осы кезде үнемі көмек берулері қажет. Сонымен қатар дастарқан басында, қонақта өзін қалай ұстау керектігі туралы айтып, этикет ережелерін үйрету керек. Балаларға жолда жүру ережелерін сақтау керектігін айту қажет. Балалардың балабақшада патриоттық сезімдерін дамыту үшін туған Отан, өлке, жер, қала, ауыл туралы түсініктерін молайту керек.

3.5. Физикалық және психикалық дамуында қажетті коррекциялық жұмысты жүргізу.

Психологиялық түзету.

Мақсаты: балалардың психологиялық саулығын сақтау және нығайту, МДҰ жағдайында үйлесімді дамыту.

Міндеттері:

1. Балалардың психологиялық саулығын сақтау;
2. Ауытқушылықтарды анықтау үшін эмоционалдық және танымдық аумағын диагностикалау;
3. Жеке және топтық психопрофилактикалық бағдарламаларды дайындау және жүзеге асыру;
4. Педагогтер мен ата-аналармен психологиялық кеңес жұмысын ұйымдастыру;
5. Жаңа ортаға бейімделу кезінде балалармен психологиялық сүйемелдеу жұмысын жүргізу;
6. Мектепке дайындық деңгейін анықтап, мониторинг жасау, психологиялық сүйемелдеу жұмысын жүргізу;
7. Педагогтер мен ата-аналардың психологиялық білімі мен мәдениетін көтеру мақсатында әдебиеттер ұсыну.

Бағыттар:

- Психологиялық диагностика,
- Психологиялық түзету,
- Психологиялық алдын алу,
- Психологиялық ағарту,
- Психологиялық кеңес,
- Әдістемелік жұмыс.

2018-2019 оқу жылында психолог қыркүйек айында зерттеу жұмыстарын жүргізді: жаңа ортаға бейімделу деңгейін анықтау, мектепке дайындық деңгейін анықтау. Өткізілген диагностикалар: балалардың көңіл күйлерін анықтау, мазасыздық деңгейін анықтау, балалардың сөздік түсінушілігін зерттеу. Балалармен әртүрлі ойын-жаттығулар, тренингтер өткізілді: «Бірлігіміз жарасқан», «Пиктограмма», «10 сөз қайтала», «Өзіңді өзің жасай біл!», «Баспалдақ», «Суретке қарап әңгіме құра» және т.б. Психолог педагогтерге өткізген шаралар: «Сі өзіңізді бағалай білесіз бе?», «Ұжымның әлеуметтік-психологиялық жағдайын диагностикалау», М.Фергюсен және Д.Расселдің жалғыздық сезімін анықтау әдістемесі, өзін өзі қабылдауды және позитивті

ойлауды дамыту жолдары, мазасыздықты жоюдың және оны ретке келтірудің психологиялық тәсілдері, «Жеке тұлғаның белсенділігін арттыруда «әңгіме терапиясының» рөлі», «Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық көңіл-күйінің дамуы», «Ұымдастыру іс-әрекетінде ойын арқылы саусақ бұлшықеттерін дамыту», «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу және ойлау қабілеттерінің дамуы» және т.б. Ата-аналардың психологиялық білімін және мәдениетін көтеру мақсатында бірқатар шаралар өткізілді: «Сіз қандай ата-анасыз?», «Сіздің балаңыздың қызығушылығы?», «Ата-аа мен бала арасындағы қарым-қатынас», «Жеке тұлғаның дамуына ата-ананың психологиялық әсері», «Гипербелсенді балаларды тәрбиелеудегі мәселелер», «Менің бақытты отбасым», «Балалардың балабақшаға бейімделуі», «Құндылықты қалыптастырудың отбасының рөлі», «Әкенің баласымен қарым-қатынас жасау ерекшелігі», «Ажырасудың бала психологиясына тигізетін әсері», «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы», «Бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігі», «Отбасы- адамгершілік рухани тәрбие беру негізі» және т.б.

Балабақшаның психологиялық қызметін жақсарту мақсатында 2019-2022 оқу жылдарына «Психологиялық қызмет ережесін» басшылыққа ала отырып, теориялық білімді жетілдіру үшін базалық курс өтіп, жұмысқа жаңа технологиялар енгізу міндеті тұр:

- Саусақ моторикасы;
- Арттерапия;
- Релаксациялық жаттығулар;
- Сенсорлық кабинет ұйымдастыру.
- Ата-аналармен клуб жұмысы;
- Жас педагог шеберханасы.

3.6. Балалардың толыққанды дамуы үшін отбасымен өзара қарам-қатынас құру, тәрбие, оқу және даму бойынша ата-аналарға әдістемелік көмек пен кеңес беру.

Ата-аналармен жеке жұмыс өткізіледі. Балабақша тәрбиеленушілерінің жаңа ортаға бейімделуі бойынша I кіші топ ата-аналарымен үлкен жұмыс жүргізілді. Жұмыс барысында тәрбиешілер ата-аналарға жиналыс өткізіп, сауалнамалар алып, тренинг өткізіп, кеңестер берді. Балабақшада «Сенім жәшігі», «Сенім телефоны» жұмыс жасайды. Ата-аналар балабақша өміріне белсенді қатысады: шараларға, сайыстарға, ертеңгіліктерге және т.б.

Ата-аналармен әртүрлі жұмыстар: сауалнамалар алу, жиналыстар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, кеңестер, практикумдар, сайыстар, мерекелер, сенбіліктер өткізіледі.

Кесте № Ата-аналармен жұмыс жасау түрлері

Ата-аналардың әдістемелік шараларға қатысуы

- Топтарда ата-аналар жиналысы;
- Медициналық және психологиялық-педагогикалық кеңестер;
- Ата-аналарына ақпараттық кеңістік ортасын құру;
- «Ашық есік» күндерін ұйымдасуы.

3.7. Ресурстық қамтамасыз ету.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасында ауданда, қалада өткізетін барлық шараларға, сайыстарға, фестивальдарға, кештерге белсене қатысады.

Басшылық.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының басқару жүйесі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Заңына, «Мектепке дейінгі ұйымдар ережесіне», Жарғыға, бұйрықтар мен үкімдерге сай құрылған. Басшылық сонымен қатар өндірістік жиналыстарда, жалпы ұжым жиналыстарында, кәсіподақ ұйымының жиналыстарында қабылданған локальді актілер түрлеріне сүйене отырып жұмыс жасайды:

- Балабақшаның меңгерушісінің негізгі бұйрығы;
- Ішкі еңбек тәртіп ережесі;
- Ұжымдық шарт;
- Еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі нұсқаулықтары;
- Сыйақы тағайындау;
- Лауазымдық міндеттер;
- Педагогикалық кеңес туралы

Басшылық төмендігі қағидаларды басшылыққа алады.

- оқыту- тәрбиелеу процесіне қолайлы жағдай жасау, үдеріске қатысушылардың әлеумтік тұрғыда қорғаныс жасау арқылы гуманистік басқару;

- өзі білімін жетілдіру мүмкіндігі және ынтымақтастығын құру, серіктестік негізінде білім беру субъектілерінің демократиялық өзара қарым-қатынасын қолдау;

- ғылым мен техниканың жетістіктерін қолдану арқылы басқаруды ғылыми тұрғыда жүргізу;

- әкімшілік басқару мен өзіндік басқару жұмысын шабыстыру.

Басқару әрекеті балабақшаның барлық саласын демократиялық негізде бақылау түрінде жүргізіледі. Білім беру үрдісінің кемшіліктері мен жетістіктері педагогикалық кеңесте қаралады. Басқару процесіне кәсіподақ ұйымы мен ата-аналар комитеті белсене қатысады. Басқару жұмысы жылдық жоспар көрсетіледі. Басқару жұмысын бақылау кезінде ең үлкен мәселе ретінде қаралатын сұрақ- педагогикалық кадрдың ағымдылығы. Ол тәрбиешілердің білімінің жоқтығы, тәжірибеснің аздығы, талабы күшті, бірақ қаражатының аздығы болып табылады.

3.8. Балабақшаның имиджін қалыптастыру.

МДҰ-ң имиджін көтеру үшін қажетті құрылымдық компоненттерді дайындау бойынша жұмыс жүйесін құру болып табылады: сыртқы имидж, қызмет көрсету имиджі, МДҰ тәрбиеленушісінің имиджі, ішкі имидж, әкімшілік беделі, қызметкерлер имиджі, мекеменің әлеуметтік имиджі.

Бағдарлама келесі қағидаларды басшылыққа алады:

- Тұтастық қағидасы (жекелеген бағыттар бойынша жұмыс жүйесі бірыңғай тұтас үдеріс сияқты қарастырылады)
- Параллель қағидасы (әрбір бағыт жеке емес басқа бағыттармен бірдей параллель жүреді)
- Кезеңдік қағида (жұмыс жүйесі кезеңмен, сатымен, жүйелі түрде жүріп отырады)
- Динамикалық қағида (ішкі және сыртқы факторларға байланысты өзгертіліп отырады)

Имидж- ағылшын тілінен аударғанда «бейне», «кейіп» деген мағынаны білдіреді. Басқа мекемелерге қарағанда мектепке дейінгі мекеме әрдайым халық ішінде және көпшілік көз алдында. С.И.Ожеговтың түсіндірмелі сөздігінде: «Имидж дегеніміз- ой-пікір, тұжырым, бір нәрсе туралы берілген көзқарас, қатынас» делінген. Олай болса, балабақша имиджі- топ жарып шығып, өзі туралы жақсы пікір қалыптастыратын жол.

Американдық психологтардың пікірінше, табыс феномені- мекеменің имиджі мен оның ішіндегі қызметкерлердің жұмысымен тікелей сабақтас. Егер олай болмаса, жасанды имидж ұзақ уақыт өмір сүрмейді. Бет бейнесі көпке бармай, халық арасында нашар бағаға ие болады. Ендеше, мекеме өзін көрсете білу, ұнау, өзі туралы жағымды пікір қалдырудың маңызы зор. Сонымен, балабақша имиджін қалыптастыру- заман талабы.

Имиджді қалыптастыру сатылары:

I саты- Сыртқы ортаны сараптау. Бұл сатыға имидж қажет ететін аудиторияға бағытталған жұмыс енеді.

II саты- Ішкі ресурстарды сараптау. Бұл сатыда мақсат- міндеттер алынып, түрлерге бөлінеді.

III саты- Үдеріске қатысушыларды ынталандыру.

IV саты- Жұмысты бөлу.

V саты- Имиджді құрайтын бөліктердің өзара байланыстарын анықтау: сыртқы имидж, ішкі имидж және т.б.

VI саты- МДҰ имиджін қалыптасыру принциптері:

❖ МДҰ-ды қалыптастыру қағидасы:

Мекеме имиджі сәйкес болуы керек:

- Қазіргі таңдағы қоғам дамуына;
- МДҰ-ң даму жоспарына;

❖ Жеке тұлғалық бағыттылық қағидасы (әрбір қызметкер мекеменің имиджінің жағымды болуына ықпал етуі және ұжымға қажеттілігін түсінуі керек)

VII саты- Имиджді құрайтын әрбір бөліктердің технологиясын әзірлеу.

VII саты- Жұмыс соңында алынған имидждің жоспарланған нәтижесімен сәйкестігін талдау.

Осы мәселені шешу үшін балабақшаның жұмысына қатысушыларды 4 топқа жіктейміз:

- 1) *Біздің тәрбиеленушілер*, балабақшаның ең негізгі тұлғалары. Олар біздің мейіріміздің көрсеткіштері.
- 2) *Ата-аналар*- балабақша жұмысына баға беретін, беделді субъектілер.
- 3) *Бұқаралық ақпарат құралы*, балабақша мен қоғам арасындағы байланыс: өзіміздің жетістіктерімізді уақытылы хабарлау арқылы ортада өзіміз туралы оң пікір қалыптастыру.
- 4) *МДҰ ұжым*- басшы мен қызметкерлер.

Имиджді қалыптастыру- қолда бар ресурстар негізінде жүйелі жоспарланған үдеріс.

Балабақшада болуы тиіс:

- Балабақшамызда дұрыс тандалынған мақсат мен міндеттер және миссия;
- Корпоративтік мәдениет деп аталатын құндылықтар және дәстүрлер;
- Білім беру қызметтерінің сапалығы;
- Тәрбиеленушілермен ерекше педагогикалық жұмыс жасау;
- Басқа білім беру мекемелерімен байланыс;
- Сыртқы бейнені қалыптастыру үшін қажетті ақпараттық материал;
- Балабақша қызметінің жұмысы мен нәтижесін жарнамалау мүмкіндігі.

Бағдарламаның орындалуын бақылау үшін балабақшаның бәсекелестікке қабілеттілік деңгейінің мониторингі құрылады. Білім беру мекемелерінің қызметінің сапасын бағалау нәтижесі негізінде белгілі бір индикатор арқылы МДҰ-ң бәсекеге қабілеттілік деңгейін мониторингілеу жүргізілді.

МДҰ бәсекелестік қабілеттілікті бағалау- мекеменің кемшіліктері мен артықшылығын анықтау және әрі қарай дамуына қажетті жолды таңдау.

Сонымен, МДҰ имиджін қалыптастыру- ол балабақшада бар ресурстардың негізінде белгілі бір жоспарланған бейне құрайтын процесс. Білім беру мекемесі үшін келесі перспективтік жол ашатын жағымды МДҰ имиджін қалыптастыру: МДҰ-ң көркемдігін көтереді, ұжымның әлеуметтік-психологиялық ахуалын жақсартады, ұйымдастырушылық мәдениет деңгейін көтереді, жаңа білім беру технологияларын енгізу жұмысын жеңілдетеді және т.б.

МДҰ-ң бәсекеге қабілеттілік деңгейін көтеру процесі мекеме имиджінің қалыптасуына негіз болатын құрылымдық компоненттердің дамуын анықтайды. Әрбір құрылымдық компонент белгілі бір міндеттер шешуді көздейді және шаралар өткізуді қажет етеді.

Мектепке дейінгі білім беру аймағында лидерлік позицияда тұру, мекеменің потенциалдық мүмкіндіктерін жүзеге асыру, имиджді қалыптастыру үшін жағдай жасау негізінде МДҰ бәсекеге қабілеттілік деңгейін көтеру бойынша жұмыс жүйесі жасалады.

IV БӨЛІМ. Педагогикалық ұжымның әрекетінің жоспары

1. Басқару жүйесі.

Мақсаты: сапалы оқытуға бағытталған, менеджмент принципіне негізделген, бәсекелестікке бейімделген мектепке дейінгі мекеме бола алатын және стратегиялық мақсатты жүзеге асыра алатын тиімді басқару жүйесін құру.

Басқару дегеніміз келесідей біртұтас құрылымы бар жүйелерден тұрады: кадрлар, материалдық- техникалық база, әлеуметтік- педагогикалық шарттар, білім беру үрдісі, отбасымен байланыс.

«Білім беру мекемесін басқару – бұл ғылыми білімнің жаңа саласы, бұл ереже қабілет пен көшбасшылық қасиеттерді талап ететін өнер»- деген екен өз еңбегінде орыстың педагогі М.И. Поташник.

Басшы қазіргі таңда басқару жүйесін жаңарту үшін, ұжымда сыйластық, сенімділік орнатып, жетістікке жету үшін тәрбиеленушілерге, педагогтерге, ата-аналарға қолайлы жағдай жасауы керек. Педагог Л.В.Поздняк басшының жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу, келісімге келу және т.с.с. дағдылары болуы керектігін атап көрсеткен.

Балабақша басшысының негізгі жұмысы тікелей лауазымдық міндетті орындайдан басталады.

- *Білім беру мекемесін Қазақстан Республикасының Заңдарын және нормативтік-құқықтық актілерге, жарғыға сәйкес басшылықты жүзеге асыру;*
- *Білім беру мекемесінің тәрбие- білім беру және әкімшілік- шаруашылық қызметінің жүйелі болуын қамтамасыз ету;*
- *Мемлекеттік білім беру стандартын, мемлекеттік талаптарды жүзеге асыру;*
- *Балалар контингентін қалыптастыру, олардың оқыту- тәрбиелеу үрдісі кезінде тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, мекеме қызметкерлерінің заңға сәйкес құқықтары мен еркіндіктерін сақтау;*
- *Балабақшаның мақсат- міндеттерін және даму стратегиясын анықтау, жұмысын жоспарлау, қойылатын талаптардың орындалуын бақылау, білім беру бағдарламаларының сапасын талап ету, білім беру сапасын арттыру;*
- *Тәрбиеленушілердің білім алу сапасының объективтілігін болуын қамтамасыз ету;*
- *Балабақшаның кеңесімен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, даму бағдарламасын, білім беру бағдарламаларын, жарғыны және ішкі еңбек тәртібінің ережелерін әзірлеу, бекіту және жүзеге асыру;*
- *Инновацияны енгізуге жағдай жасау, балабақша жұмысын және білім беру сапасын жақсартуға бағытталған қызметкерлердің бастамалары мен белсенділіктерін қалыптастыру, ұжымда қолайлы психологиялық ахуал орнату.*

Мақсаты	Жұмыс бағыты	Орындаушы	Мерзімі				
			2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-202	2024-2025
1.Ата-аналар қажеттілігін және әлеуметтік сұранысын анықтау	1.Ата-аналардан сауалнама алу (сұраныстарын анықтау, ата-аналар құрамында социометрия өткізу) 2.Отбасылардың әлеуметтік құрамы бойынша жинақ қорын жасау.	Меңгеруші Әдіскер Психолог	+		+		+
2.МДҰ-ғы оқыту-тәрбиелеу процесін бақылаудың тиімді жолдарын қолдану	1.МДҰ-ң мониторинг қызметін құру. 2.Жылдық жоспарды құру. 3.Ата-аналар мен тәрбиешілерге қолайлы жағдай жасау.	Меңгеруші Әдіскер Психолог	+	+	+	+	+
3.Бағдарламаны жүзеге асыру	1.Өткен жылға сараптама. 2.Жоспар жазу бойынша шығармашылық топ құру. 3.Жүзеге асыру бойынша ұжым жұмысы. 4.Жыл сайынғы қорытынды есеп. 5. Жылға жоспар құру.	Меңгеруші, әдіскер, психолог Тәрбиешілер, мұғалімдер	+	+	+	+	+
4.Әдістемелік кабинетті ұйымдастыру бойынша жүйе құру	1.Әлеуметтік сұранысты есепке ала отырып, оқыту-тәрбиелеу сұраныстарын көрсету. 2.Педагогикалық процесін бақылау және басқаруды қамтамасыз ету үшін компьютерлік	Меңгеруші Әдіскер, психолог, үйірме жетекшілері, Тәрбиешілер.	+	+	+	+	+

	бағдарламалармен, тестермен және технологиялармен қамтамасыз ету. 3.Балабақшада газет шығару жолын ұйымдастыру. 4.Ата-аналарға, тәрбиешілерге арналған қозғалмалы кітапхана ұйымдастыру.						
5.Даму бағдарламасы мен МДҰ тұжырымдамасын болжау және жетілдіру.	1.Бағдарламаның орындалуын сараптау. Жұмыстарды жинақтау және тарату. Жаңа бағдарламаны құру.		+	+	+	+	+

2. Оқыту жүйесі.

Мақсаты: оқыту қызметінің сапасы және балалардың тұлғалық пен әлеуметтік даму позициясы арқылы оқыту мен тәрбиелеу деңгейін көтеру.

Мақсаты	Жұмыс бағыты	Орындаушы	Мерзімі				
			2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1. Балалар денсаулығы мен дамуының мониторингі.	1.МДҰ-да мониторинг қорытындысының мазмұны мен ұйымдастыруы бойынша түзету жұмысын өткізу.	Меңгеруші Әдіскер Медбике	+	+	+	+	+
2.Авторлық бағдарламаларды апробациядан өткізу.	1.Балалармен тәрбиешілердің оқыту-тәрбиелеу жұмысында инновациялық бағдарламаларды, әдіс-тәсілдерді пайдалану. 2.Бағдарламаны жүзеге асыру барысында жиналыс-отырыстарда мұғалімдерге бағыт-бағдар және түзетулер	Меңгеруші Әдіскер	+		+	+	+

	енгізу. 3.Балалармен жеке жұмысты ұйымдастыру.						
3.МДҰ-да педагогикалық технологиялар бойынша жинақ құру.	Мұғалімдердің тәжірибелеріне қарай қолданатын технологиялар бойынша жинақ жасау.	Әдіскер			+		+
3.1. Танымдық-сөздік даму: - балалардың сөздік қорын дамыту, қарапайым математикалық ұйғым мен ойлау қабілеттерін дамыту.	Танымдық-сөздік даму: - балалардың сөздік қорын дамыту, қарапайым математикалық ұйғым мен ойлау қабілеттерін дамыту.	Меңгеруші Әдіскер Психолог Мұғалімдер Тәрбиешілер	+	+	+	+	+
3.2. Көркем және эстетикалық мәдениетін қалыптастыру. - балалардың мектепке дайындығын үйрету; - қол ұсақ моторикасын дамыту.	Эстетикалық дамыту: 3.2.1.Әртүрлі материалдарды (қарындаш, бояу, гуашь, тіс щеткасы, саз балшық, ермексаз, жіп, қағаз, желім, және т.б.) қолдану арқылы балалардың сенсорлық тәжірибесін дамыту. 3.2.2. Балалардың қиялын, фантазиясын, шығармашылығын дамыту. 3.2.3. Бейнелерді музыка және сурет арқылы қабылдауын дамыту. 3.2.4. Көркем шығармашылықтарын дамыту: бояу сезу, ырғақты, форманы, композицияны дамыту. 3.2.5. Заттардың және көріністердің белгілерін анықтау, сараптау, бақылау, қалыптастыру.	Әдіскер, Тәрбиешілер Педагогтар	+	+	+	+	+
3.3. Балалардың музыка негіздері туралы түсініктерін жеке	3.3.1. Әртүрлі музыкалық шығармашылықтармен танысу арықлы музыкаға	Музыка жетекшілері	+	+	+	+	+

<p>қабілеттерінің дамуы арқылы қалыптастыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> - музыкаға қызығушылықтарын қалыптастыру. - жағымды психоэмоционалдық сезімін дамыту. - музыкалық ойындар және театрлық қойылымдар арқылы шығармашылық қиялдарын 	<p>қызығушылықтарын ояту.</p> <p>3.3.2. Музыка түрлерін (ән, ритмикалық қозғалыс, музыка құралдарында ойнау) орындау дағдыларын дамыту.</p> <p>3.3.3. Әнді көркемдеу, би әрекеттерін орындау арқылы шығармашылықтарын қалыптастыру.</p> <p>3.3.4. Музыка сабақтарында, ойын және әртүрлі жаттығулар орындау арқылы өзіндік қимыл-қозғалыстар дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>3.3.5. "Мини-театр" құру.</p>						
<p>3.4. Музыкалық-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, ырғақты сезу сезімдерін тәрбиелеу, қимыл-қозғалыстарының икемділігін дамыту.</p>	<p>3.4.1. Балалардың физикалық мүмкіндігі мен денсаулықтарын нығайту арқылы толық, гармониялық дамыуына ықпал ету.</p> <p>3.4.2. Жалпы әрекет мәдениеті және жалпы қоршаған ортаны білу арқылы баланың эстетикалық жағынан дамыту.</p> <p>3.4.3. Тұлғаның ұжымдық қасиеттерін қалыптастыру.</p>		+	+	+	+	+
<p>4. Барлық оқыту процесіне қатысушылардың денсаулығын нығайтуға дұрыс қарым-қатынастарын қалыптастыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> - мектепке дейінгі балалардың дұрыс отыру дағдысын қалыптастыру. - қимыл-қозғалыс координацияларын дамыту - күнделікті белсенді қозғалыс қимылдарына 	<p>4.1. МДҰ-да өткізілетін сауықтыру шаралары арқылы баланың физикалық және эмоционалдық жағымды жағдайын дамыту.</p> <p>4.2. Баланың денесін сауықтыру жаттығу өткізу үшін әрбір балаға бейімдеу арқылы жалпы комплексті диагностика жасау және жаттығулар енгізу.</p> <p>4.3. Балаға өз денесі туралы</p>	Дәрігер, медбике, тәрбиешілер	+	+	+	+	+

мұқтаждықтарын қалыптастыру. - баланың қимыл-қозғалысқа жағымды эмоцияларын және ынталарын қалыптастыру.	мағлұмат беру. 4.4. Әртүрлі спорттық әрекет жасау арқылы баланың қимыл-қозғалысын дамыту.						
5. Балалардың ауытқушылығының түріне қарай жеке және деңгейлі бағдарламалар мен тапсырмалар беру	5.1. Түзету жүргізу: - физикалық даму; - сөздік ауытқушылық; - саусақ ұсақ моторикасы.	Әдіскер, Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы, Дефектолог.		+	+	+	+
6. Мектепке дейінгі балалардың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу.	6.1. Туған жеріне, ауданына, қалаға, кітапханаға саяхат жасау арқылы балалардың адамгершілік қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру.	Әдіскер, Тәрбиешілер,	+	+	+	+	+

Балабақшаның қазіргі таңдағы жағдайын проблемасын сараптау.

Балабақша жұмысында қазіргі таңда тұтынушылардың (ата-аналар) барлық мұқтаждықтарын қанағаттандыруға 100% мүмкіншілік болмай отыр.

Өйткені әлі де қиындықтар мен кемшіліктер кездеседі. Олар:

- 1) Материалдық база (робот техникасының кабинеті, спорт құралдары, ойыншықар, балабақша ауласын дұрыстау және т.б.)
- 2) Қаражат тапшылығы (асханаға және кір жуу бөлмесіне вентиляция, 2 қабатқа муздай судың жақсы көтермелеуі, кабинеттердің жеткіліксіздігі, және т.б.)
- 3) Педагогтердің білім деңгейінің жеткіліксіздігі және кәсіби деңгейлерінің төмендігі (тәжірибелі педагог жетіспейді)
- 4) Тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін дамыту жұмысын әлі де әлсіз.
- 5) Мектеп-балабақша арасындағы қарым-қатынастың жүйесіздігі.
- 6) Балабақша территориясының модернизация мен жақсартуға қажеттілігі.

3. № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының даму стратегиясы мен тактикасы.

3.1. Білім берудің мақсаттық қағидалары.

Өткен жылдарды сараптап біз болашаққа мақсат қойдық:

Балалардың көркемдік- эстетикалық бағытта дамыту үшін барлық қолайлы жағдай туғызу.

3.2. Оптимизацияның негізгі бағыттары:

1) Басқару оптимизациясы:

- Қызметкерлердің әрекетін реттеу мақсатында нормативтік- құқықтық актілер дайындау;
- Балабақшаның білім беру жүйесінің жағдайы туралы жалпы ақпараттық банк данных құру.

2) Материалдық базаны дамыту және қосымша қаражат көзін іздестіру:

- Ауданның басқа өндірістерімен қарым-қатанас жасау;
- Қосымша білім беру жұмысын кеңейту.

3) Білім беру процесін жетілдіру:

- ✓ Көркемдік- эстетикалық бағыт бойынша тәрбиелеу моделін дайындау;
- ✓ Дамыту ортасын жетілдіру.

3.3.Нәтижені болжау.

Аталмыш бағдарламаны келесі ретпен жүзеге асыру:

- ❖ Балалардың ақыл ой және көркемдік даму деңгейін жоғары сатыға көтеру;
- ❖ Ата-аналардың жұмысын жаңартылған білім беру мазмұны «Бала- Ата-ана- Тұтас бала бейнесі» кестесі бойынша белсендіру;
- ❖ Кадрдың потенциалын көтеру үшін кәсіптік өсу жұмысын жүргізу;
- ❖ Балабақшаның материалдық базасын нығайту;
- ❖ Білім беру үрдісін басқару бойынша жүйе құру.

3.4.Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі.

2019-2022 оқу жылы.

4. Стратегиялық компонент.

4.1. Материалдық базаны дамыту.

<i>№</i>	<i>Жұмыс мазмұны</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Жауапты</i>
1	Балабақшаға қажетті құрал-жабдықтар, жиһаздар алу	Үнемі	Меңгеруші, шар.меңгерушісі
2	Балабақшаны жарнамалау мақсатында жұмыстар ұйымдастыру: - Ақпараттық парақтар шығару; - Ашық есік күндерін өткізу.	Оқу жылының соңында	Меңгеруші, әдіскер
3	Халықтың мұқтаждықтарын анықтау арқылы қосымша білім беру ҰОҚ-ін көбейту	Сәуір- мамыр	Меңгеруші

4.2. Балабақшада әкімшілік қарым-қатынасты реттеу бойынша нормативтік құжаттар жүйесін құру бойынша жұмыстар.

<i>№</i>	<i>Жұмыс мазмұны</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Жауапты</i>
1	Балабақшаның әкімшілік қарым-қатынасын зерттеу		Меңгеруші
2	Кезекші әкімшілік туралы ереже дайындау		Меңгеруші
3	Әкімшілік жұмысын бағалау критерияларын дайындау		Шығармашылық топ
4	Лауазымдық міндеттерге өзгерістер енгізу (қажеттілігіне қарай)		Меңгеруші
5	Ішкі еңбек тәртібіне өзгерістер енгізу		Меңгеруші
6	Құрылған жүйе бойынша әкімшілік жұмысты ұйымдастыру		Меңгеруші

4.3. Ш

ҰҒЫЛ
АҚПАРАТ
ЫҚ БАНК
ҚҰРУ


бойынша өткізілетін жұмыстар.

<i>№</i>	<i>Жұмыс мазмұны</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Жауапты</i>
1	Білім беру процесін ақпараттық қамтамасыз ету үшін замануи тенденцины зерттеу		Шығармашылық топ
2	Ақпараттық қамтамасыз ету жағдайын тиянақты, толық анықтау		Шығармашылық топ
3	Алынған ақпаратты бағалау критерияларын дайындау		Шығармашылық топ


4.4. Білім беру процесін жетілдіру бойынша өткізілетін жұмыстар:

<i>№</i>	<i>Жұмыс мазмұны</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Жауапты</i>
1	Бағдарламаның мақсаттық, мазмұнды және технологиялық компонент жағынан, білім беру бағдарламасының құрылымын анықтау		Шығармашылық топ
2	Бағдарлама жобаларын педкеңесте қарау		Меңгеруші
3	Білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізу	Мамыр- тамыз	Шығармашылық топ
3	Білім беру бағдарламасына өзгерістер, түзету енгізу	Мамыр-тамыз 2019	Шығармашылық топ
4	Ақыл- ой және көркемдік- эстетикалық модельді дайындау және жүзеге асыру		Меңгеруші, әдіскер
5	Ғылыми- практикалық конференцияларға қатысу		Меңгеруші, әдіскер
6	Отбасылардың әлеуметтік жағдайларын зерттеу		Тәрбиешілер
7	Ата-аналардың педагогика және психология мәселелері бойынша білім деңгейлерін анықтау		Психолог
8	Ата-аналардың білім мұқтаждықтарын анықтау		Меңгеруші, психолог

Балалабақшаның басқа ұйымдармен қарым-қатынасы:




МДҰ-ы басқару жүйесі



Әкімшілік міндеттемелерді бөлу.

Меңгеруші	Әдіскер	Шаруашылық меңгерушісі	Медбике
<p>1.Жарғы бойынша балабақшаны басқару: -Балабақшаның мақсаты мен міндетін анықтау; -Басқару жүйесін анықтау; -Есептік-шаруашылық сұрақтарды шешу; -Балабақшаның барлық саласын координациялау және бақылау; -Кадр жұмыстарын жүргізу; -Шығармашыл қызметкерлерді мадақтау; -Тәрбиеленушілер контингентін анықтау және олардың ата-аналарымен жұмыс; -Балабақшаны басқа мекемелер мен ұйымдардың алдында көрсету; -Балабақшаның локальды актілерін бекіту; -Жұмыс орнындағы қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз ету; 2.Білім департаменті мен аудандық білім бөліміне есеп беру.</p>	<p>1.Педагогикалық ұжым әрекеттерін жоспарлау және жүргізілуін бақылау. Жауапкершілік. 2.Стандарт бойынша сабақ жоспарын жүйелеу және тексеру. Жауапкершілік. 3.Тәрбиешілердің лауазымдық міндеттерін орындауларын және жұмыс кестесімен жұмыстарын тексеру. Жауапкершілік. 4.Ұстаздар мен ата-аналарға әдістемелік көмек пен қолдау көрсету. 5.Озық тәжірибені анықтау, жинақтау және тарату. 6.Ойын құралдарының сақталуын бақылау. 7.Оқыту-тәрбиелеу процесінің сапалы жүргізілуін бақылау және қиындықтарын уақытылы анықтап, жою жолдарын қарастыру. 8.Балалардың денсаулығы мен өмірлерін сақтау бойынша нұқсаулықтар мен күн тәртібінің орындалуын бақылау. 9.Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен, мектептермен жұмысты ұйымдастыру және жүргізу. 10.Басшыға есеп беру.</p>	<p>1.Шаруашылық жұмысын басқару және материалдық құнды заттарға жауапты болу. 2.Ғимараттың қауіпсіздік болу жағдайын тексеру, технологиялық, электр жүйесінің және өрт қауіпсіздік жағдайына жауапты болу. 3.Кіші қызметкерлердің жұмыс кестесі бойынша жұмысын тексеру және лауазымдық міндеттерінің орындалуын бақылау. Жауапкершілік. 4.Инвентарлық заттардың тізімін анықтап, қажетті есептік құжаттарды реттеу, материалдық және құнды заттарды есептен шығару. 5.Есепшіге және басшыға есеп беру.</p>	<p>1.СанПин талаптарын орындау барысы бойынша қызметкерлерді бақылау. Жауапкершілік. 2.Ас мәзіріне сәйкес тамақтануды ұйымдастыру. Жауапкершілік. 3.Балаларды кезекті медициналық бақылаудан өткізу. Жауапкершілік. 4.Топтардағы алғашық көмек көрсету құралдарын тексеру. Жауапкершілік. 5.Медициналық құжаттарды жүргізу. 6.Денені шынықтыру жұмыстарын бақылау. Жауапкершілік. 7.Әр топтың күн тәртібінің сақталуын бақылау. 8.Балалардың және қызметкерлердің уақытылы егулерін бақылау. 9.Басшыға есеп беру.</p>

Балабақшаның ішкі басқару кестесі.



Ү БӨЛІМ. Балабақшаның тұжырымдамасы және даму стратегиясы.

5.1. Балабақшаның даму тұжырымдамасы.

5.2. Сараптау жұмысының қорытындысы.

Білім беру мекемесіндегі білім беру ортасын ұйымдастыру бойынша жаңа балабақша құрылуы тиіс.

Тұжырымдаманың мақсаты: баланың толыққанды дамуы үшін әлеуметтік- педагогикалық жағдай жасау, оның қабілеттерін ашу және жүзеге асыру, психологиялық қорғанысын қамтамасыз ету.

Тұжырымдаманың объектісі- 2-6 аралығындағы балалар.

Заты: Әртүрлі әрекетте балалардың тұлғасының дамуы үшін педагогикалық әдіс- тәсілдердің жүйесі.

Мақсаты:

- Балалардың физикалық және психологиялық денсаулығын нығайту, олардың жеке қасиеттерін дамыту, даму барысындағы ақаулықтарды анықтап жою, балаға және оның жанұясына психологиялық көмек көрсету. Салауатты өмір салтын ұстануға мұқтаждықтарын қалыптастыру.
- Балалардың көркемдік қабілеттерін дамыту.
- Балалардың, ата-аналардың, педагогтердің табиғатқа және өнерге баулу арқылы олардың рухани құндылықтарын қалыптастыру.

Гипотеза: қоршаған ортаны меңгеру енгізілген балалардың әрекетінің белсенділігінің пайда болуы және ересектердің ұйымдастыруымен анықталатын бала тұлғасының дамуындағы әлеуметтік- педагогикалық фактор. Бала тұлғасының тиімді дамуы мүмкін, егер:

- Социумның әлеуметтік- педагогикалық потенциалы ескерілсе;
- Қоршаған әлемді алғашқы меңгеру және мұқтаждылықатын қалыптастыру енгізілген бала әрекеті;
- Баланың эмоционалдық аумағы және өзін өзі жетілдіру мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған әлеуметтік- педагогикалық жағдай жасау.

Білім беру үдерісін бағалау:

- 1) Балабақшаның жалпы тәрбиелеу жүйесінің толық жүйе ретінде қорытынды көрсеткіштері келесі болып табылады:
 - Балабақшадағы психологиялық ахуал;
 - Балабақшаға баланың, ата-ананың, тәрбиешілердің қарым-қатынасы;
 - Балалардың психологиялық қорғанысы.

Бағалай әдістері: педагогтер мен ата-аналардан сауалнама алу, балаларды бақылау.

2) Оқыту- тәрбиелеу процесінің қорытындысы келесі жағдайда болады:

- Тұлғалық (баланың тұлғалық даму динамикасы, эмпатия, «Мен- тұжырымдамасы», қиял, шығармашылық қабілеттері, танымдық белсенділік, күш жігерінің дамуы)
- Ақпараттық (таңдаған бағдарлама бойынша)

Балабақшаның даму тұжырымдамасының негізінде бар:

- Алғашқы диагностика;
- Диагностикалық, коррекциялық және профилактикалық жұмысқа п жалпы психологиялық-медициналық-педагогикалық қатынас;
- Балалардың жеке тұлғалық мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескеру мақсатында бағдарлама таңдау.

№ 7 «Еркетай» балабақшаның құндылықтары:

- ✓ Бала, өте уникальный тұлға;
- ✓ Педагог, білімді таратушы тұлға;
- ✓ Жетістік пен мақсатқа жету үшін командылық жұмыс құру;
- ✓ Биік сапаға жетуге тырысу;
- ✓ Өзара қарым-қатынасты құру, ұйымдастыру мәдениеті;
- ✓ Отбасы- баланың жеке тұлғалық дамуындағы негізгі орта, онымен байланыста болу.

Балабақша миссиясы:

- ❖ Әрбір балаға жеке қатынас құру;
- ❖ Балалардың физикалық және психологиялық денсаулығын қорғау және нығайту;
- ❖ Балалар жанұяларымен тығыз байланыс құру.

Аталмыш миссияның бірауыздылығының себептері:

- Баланың дамуына бағытталған замануи білім беру мазмұны;
- Жылма жыл физикалық және психологиялық дамуында ақаулықтары бар балалардың өмірі, оларға қажетті коррекциялық және профилактикалық көмек беру.

Балабақшаның стратегиясы: баланың толыққанды жан- жақты дамуына ықпал ететін, оның шығармашылық қабілеттерін, ақыл ой мүмкіндіктерін қалыптастыратын, денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін балабақшада орта құру.

5.3. Жаңа балабақшаның моделі.

Балабақшаның тұжырымдамасына сай балабақшада оқыту құндылықтары мен мазмұны өзгереді. Күтілетін мақсат- үйлесімді- дамыған тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Аталмыш тұжырымдамаға байланысты баланы дамытудың негізгі бағыттары таңдалып, болашаққа мақсат пен міндет жүктеледі.

Баланың тұлғалық дамуының мазмұны тәрбиеленушілердің типологиялық жеке мінездемелерін қалыптастыру, психикалық және физикалық денсаулықтарын жетілдіру және нығайту болып табылады. Білім процесінің мазмұнын жүзеге асыру жағдайы осы тұжырымдамада берілген. Ол баланың тұлғасының, қызығушылықтарының және қабілеттерінің дамуына құқық береді. (Мемлекеттік стандарт)

Әлеуметтік сұранысқа сәйкес ата-аналарға және педагогтерге оқыту бағдарламаларын таңдау құқығы бар. Оқыту үдерісінде вариативтік бағдарламалар болғы және қосымша білім беру блогы қарастырылған.

Келесі күрделі жұмыс- коррекциялық жұмыс. Келесі блок көбінесе баланың физикалық дамуы және тәрбиешілердің жүргізетін педагогикалық диагностикасы. Тұжырымдаманың жүзеге асуын көрсететін тағы бір модуль- педагогикалық процестің жетілдіруін көрсететін педагогикалық модуль. Осы модуль балабақша ұжымының және оқыта- дамытатын ортасының ары қарай дамуын қамтамасыз етеді.

«Ұжымның дамуы» блогы- балабақша қызметкерлерінің жеке және кәсіптік қасиеттерін, психологиялық үйлесімдіктерін, педагогтерді материалдық және моральдық көтермелеу формаларын қарастыру, олардың кәсіптік дайындық және шығармашылықтарының көтеруіне жағдай жасау жұмысы қарастырылады. Ең үлкен акцент педагогтердің креативтік шеберліктерінің дамуына жасалады. Жағдай жасау- балабақшаның ішінде кабинеттер мен құрал-жабдықтар қарастырылады.

5.4. Басқарудың жаңа жүйе жобасы.

ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес балабақшада басқару жүйесі төмендегі принцип бойынша өтеді- балабақша меңгерушісі және өзін-өзі басқару- балабақша кеңесі, жалпы жиналыс.

Басқару объектісін өзгерту барысында басқару моделі де төмендегідей ерекшеліктерге ие болды:


- Сыртқы ортамен балабақшаның байланысы;
- Оқыту- тәрбиелеу процесін ұйымдастырудың өзгешілігі- жеке тұлғаға бағытталған, дифференциалды қатынасты ұйымдастыруға жағдай жасауда;

Жалпы балабақшаның басқару жүйесі модель арқылы көрсетіледі. Басқарушы модель төмендегідей 2 құрылымнан тұрады: қоғамдық басқару және әкімшілік. Әрбір құрылым деңгейлерден құрылған. Қоғамдық басқару: педагогикалық кеңес, балабақшаның кеңесі, кәсіподақ ұйымы.

Әкімшілік басқару:

- 1- Деңгей: меңгеруші, әдіскер, шаруашылық меңгеруші, медбике.
- 2- Деңгей: педагог қызметкерлер, кіші қызметкерлер.
- 3- Деңгей: тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары.

МДҰ басқару жүйесі.



5.5. Балабақшаның даму стратегиясы.

Жұмыс сатылары

Жұмыс сатылары	Жұмыс мазмұны	Мерзімі, жылы	Күтілетін нәтиже
Бірінші саты. Дайындық кезеңі	<p>Материалдық- техникалық жабдықтау.</p> <p>1.Нормативтік- құқықтық құжаттарда берілген бағдарлама мазмұны мен талаптарына сәйкес Балабақшада оқыту- тәрбиелеу жұмысын ұйымдастыру.</p> <p>2. Бағдарлама бойынша педагогикалық ұжым құрамын оқыту.</p> <p>3.Балабақшадағы балалардың әлеуметтендіру үшін жағдай жасау барысындағы әрекетті жоспарлау.</p> <p>4.Жаңа педагогикалық ойлауды қалыптастыру.</p> <p>5.Мұғалімдердің санаттарын көтеру.</p> <p>6.Өзін-өзі жетілдіру бағдарламасын құру.</p> <p>7.Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланыс моделін құру.</p> <p>8.Балалардың психоэмоционалдық және физикалық деңгейлерін анықтау.</p> <p>9.Бағдарлама бойынша материалдық- техникалық және әдістемелік базаны толықтыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Ойыншықтарды, ойындар, әдістемелік құралдарды алу; -дене шынықтыру-сауықтыру шаралар жүйесі, сабақ жоспарын бекіту; 	2020-2021	<p>Балабақшаның даму бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында педагогикалық ұжымды дайындау.</p> <p>Тұжырымдаманы жүзеге асыру мақсатында жұмысты жоспарлау.</p>
Екінші саты. Негізгі кезең.	<p>1.Кадр жұмысын ұйымдастыру.</p> <p>-Шығармашылық топпен жұмыс.</p>	2021-2022	Балабақша қызметі мен негізгі бағыттарын

	<p>-кәсіподақ жиналысы, әдістемелік отырыс.</p> <p>-педкеңес, семинар, кеңес.</p> <p>-кадрдың санатын көтеру бойынша басқа жұмыс түрлері.</p> <p>2.Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру.</p> <p>3.Демеушілермен,басқа ұйымдармен жұмысты ұйымдастыру.</p> <p>4. Бақылау, жүйелеу.</p> <p>5.Ақпараттық қамтамасыз ету.</p>		<p>біртұтас жүйе ретінде қарастыратын балабақшаның даму жоспарын жүзеге асыру</p>
<p>Үшінші саты.Қорытынды. Мақсаты:</p>	<p>Бағдарламаны жүзеге асыру жұмысын қорытындылау. Тәжірибені сараптау және сипаттау. Технологиясын жетілдіру және әдістемелік ұсыныстар.</p>	<p>2022-2023</p>	<p>Бағдарламаны жүзеге асыру.</p>

5.6. Іс-әрекет жоспары.

Жұмыс сатысы	Шаралар	Мерзімі					Жауапты
		2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	
1.Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша ұйымдастыру жұмысы	1.1.Бағдарламаны қабылдау және жетілдіру	+	+	+	+	+	Меңгеруші
	1.2.Педкеңесте бекіту	+	+	+	+	+	Меңгеруші
	1.3.Тұжырымдаманы түсіндіру мақсатымен ата-аналар жиналысын өткізу	+	+	+	+	+	Меңгеруші
	1.4.Барлық бағыт бойынша МДҰ жұмысын жүргізу	+	+	+	+	+	Әкімшілік
	1.5.МДҰ-да ПМПК ұйымдастыру						Әкімшілік
	1.6.Жыл соңында бағдарламаны сараптау						Әкімшілік

2.Физикалық даму	2.1.«Денсаулық» бағдарламасын қабылдау және жетілдіру					+	Медбике
	2.2.«Денсаулық» бағдарламсы бойынша нәтижелерді сараптау					+	
	2.3.«Денсаулық» бағдарламасы бойынша жұмыстарға түзетулер енгізу					+	
	2.4.Осы бағдарлама бойынша болашаққа жоспар құру					+	
3.Балалармен түзету жұмыстарын жүргізу	3.1.Жалпы диагностика жүргізу арқылы әрбір баланың даму деңгейін анықтау: Физикалық дамуы Әлеуметтік дамуы Интеллектуалдық дамуы	+	+	+	+	+	Әдіскер, психолог, медбике, логопед, педагогтар
	3.2.Психикалық және психологиялық жағынан ауытқу бар балалармен жұмыс: - ПМПК (ата-аналар мен тәрбиешілер тарапынан сұраныс бойынша) -«ертегілер терапиясы» бойынша жұмыс -баламен жеке жұмысжәне жеке бағдарлама құру	+	+	+	+	+	Психолог, Дефектолог- логопед
4.Балалардың шығармашылық қабілеттерін	4.1.Бейнелеу жұмысын жүргізу, мазмұнын жаңарту.	+	+	+	+	+	Бейнелеу пәні мұғалімі

дамытуға жағдай жасау							
	4.2.Топтарда шығармашылық зонасын құру		+	+	+	+	Тәрбиешілер
	4.3.Балабақшада және отбасында балаларды әдеби әдебиеттермен таныстыру жүйесін жетілдіру	+	+				Әдіскер
	4.4.Ойын әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау		+	+			Әдіскер, тәрбиешілер
5. Оқыту-тәрбиелеу процесінде сапаны көтеру	5.1.Тәрбиешілердің және педагогтардың санаттарын көтеру: - курстар; - өзара сабаққа қатысым; -өзін-өзі жетілдіру; Әдістемелік жұмыс	+	+	+	+	+	Әдіскер, тәрбиешілер
	5.2.Жаңа технологияларды қолдану: -топтарда өмір қауіпсіздігі мен жолда жүру жұмысы бойынша жоспар құру;	+	+				Әдіскер, тәрбиешілер
	Баспа беттеріндегі және әдістемелік әдебиеттерді оқу, зерттеу	+	+	+	+	+	Әдіскер
6.Баланың толық дамуына жағдай жасау	6.1.Ұйымдастырлған оқу-дамыту ортасын жетілдіру	+	+	+	+	+	Тәрбиешілер
	6.2.Балалардың балабақшада	+	+	+	+	+	Психолог, тәрбиешілер

	психологиялық және әлеуметтік тұрғыда жағымды өзін сезіну үшін қолайлы жағдай жасау						
	6.3.Оқыту-тәрбиелеу процесін түрлендіру түрлерін пайдалану	+	+	+	+	+	Тәрбиешілер
	6.4.Үйірме жұмыстарын жандандыру	+	+	+	+	+	Әдіскер, үйірме жетекшілері
7.МДҰ-ң материалдық-техникалық базасын жақсарту	7.1.Оқыту процесін ата-аналардың көмегімен және демеушілер көмегімен әдістемелік әдебиеттермен, ойын, дамыту, дидактикалық материалдармен жетілдіру	+	+	+	+	+	Әкімшілік
	7.2.Әдістемелік кабинетті әдістемелік әдебиеттермен, баспа, ойыншықтармен қамтамасыз ету	+	+	+	+	+	Әкімшілік
8.Тәрбиеленушілер ата-аналары Мен МДҰ-ң арасындағы қарым-қатынас	8.1.Ата-аналарды оқыту процесіне баулу: - ашық есік күні; -сабақтарға қатысу; -Ертеңгіліктерді бірігіп өткізу.	+	+	+	+	+	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
	8.2.Ата-аналарды МДҰ-ы басқару мен дамыту жұмысына баулу. -ата-аналар комитеті; -педкеңестерге, жиналыстарға қатысу.	+	+	+	+	+	Әкімшілік

	8.3.Ата-аналарды балалардың денсаулығы мен дамуы туралы ақпарат беру	+	+	+	+	+	Медбике, психолог, тәрбиешілер
--	--	---	---	---	---	---	--------------------------------

Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша болжамды нәтижелер

1. Балабақша қызметінде жаңа білім технологияларын тиімді енгізу, тәрбиеленушілерді толыққанды дамыту үшін қажетті оқыту және тәрбиелеудегі қолданылатын әдістерді жетілдіру;
2. Тәрбиеленушілердің салауатты өмір салтын ұстану қажеттілігін қалыптастыру мақсатында олардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін қолайлы жағдай жасау;
3. Педагогтер мен тәрбиеленушілердің шығармашылық потенциалдарын ашу, олардың денсаулықтарын сақтау және нығайтуды қалыптастыратын нәтижесінде оптималды модель құрылу үшін әрбір балаға жеке- тұлғалық бағытталған оқыту мен білім беруді енгізу, педагогтердің кәсіптік шеберліктерін көтеру;
4. Педагогикалық және оқыту- тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруда кемшіліктер мен қателіктерді анықтау және дер кезінде жою үшін диагностикалық және мониторингтік зерттеулер мен қорытындылар өткізу;
5. Аталмыш бағдарламаны жүзеге асыру үшін материалдық- техникалық базаны нығайту.

Балабақшаны бітірушінің моделі екі сатыдан тұрады:

1. Жеке тұлғалық мінездеме қалыптасуы.
2. Бастаушы негізгі құзырлылықтың қалыптасуы.
 - Әлеуметтік- тұлғалық құзырлылық- қарым-қатнас құру кезінде дербестік пен белсенділік таныту;
 - Коммуникативтік құзырлылық- қоршаған ортаға өз ойын жетік айтып түсіндіру және басқаны түсінуге ықылас таныту;
 - Қызметтік-технологиялық құзырлылық- өзінің ойы мен мақсатын жүзеге асыру;
 - Ақпараттық құзырлылық- алған ақпаратты түсіну және қолдана алу;
 - Денсаулық сақтау құзырлылығы- өмірін және денсаулығын сақтау бойынша әртүрлі әдістерді пайдалана алу.

Күтілетін нәтиже.

Бағдарламаның жүзеге асуы тиімділігін бағлау көрсеткіштері мен индикаторы.

1.Нормативтік-құқықтық базаның болуы:

- білім беру бағдарламалары,
- тақырыптық жоспарлау,
- әдістемелік жағына толықтыру,

- мониторингтік жүйе.

2. Педагогтің кәсіптік құзырлығын көтеру:

- дидактикалық және әдістемелік материалдарды жасау,

- ҰОҚ ұйымдастыру,

- ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеру,

- кәсіптік қайта даярлау курстарынан өту.

3. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

4. Республикалық, облыстық және аудандық деңгейде сайыстарға қатысу.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының білім кеңістігінің жағдайын STEP сараптау және SWOT-анализ матрицасы

Кадр мәселесі	
<i>Күшті жақтары</i>	<i>Әлсіз жақтары</i>
Қызметкерлер өздерінің лауазымдық міндеттеріне сәйкес (барлық педагогтердің педагогикалық білімі бар) Өтіліне сәйкес педагогикалық ұжымда тәжірибелі және тәжірибесі аз педагогтер бар.	Санаты жоқ педагогтердің басымды болуы
Жоғары және арнаулы орта білімі бар педагогтер	Жоғары білімі бар педагогтер аз
Педагогтердің кәсіптік құзырлықтарын көтеру. Шығармашылық жұмыстарға қатысу. Семинарлар, педагогикалық кеңестер өткізу. Облыстық, аудандық деңгейдегі шараларға қатысу.	Конференцияға, ғылыми жұмыстарға, жобаларға қатысым аз. Баспа беттеріне мақала беру белсенділігі баяу.
<i>Мүмкіндіктер</i>	<i>Қауіптер</i>
Облыс, аудан көлемінде тәжірибе тарату. «Үздік тәрбиеші», «Тіл болашағы-балада» шараларына жылда қатысу.	Білім берудің мазмұнының өзгеруіне байланысты ақпараттық және әдістемелік жаңалықтарды меңгеру
Жеке тұлғаға бағытталған технологияларды меңгерген жас тәрбиешілердің көптілігі.	Кәсіптік статусың төменділігі.
Материалдық- техникалық база	
<i>Күшті жақтары</i>	<i>Әлсіз жақтары</i>
Технологиялық құрал- жабдықтарды сатып алу.	Балабақшада қосымша білім беруге кабинеттер аз.
Жаңа техникалық құралдарды алу.	Балабақшада жөндеу жұмыстарын жүргізу мұқтажы тұр.
Дамыту орталығын дидактикалық және ойын материалдарымен толықтыру.	Логопедтік құралдарды алу.
Коммуналдық қызмет көрсету приборларын алу.	Энерго жұмсау көбеюде.
<i>Мүмкіндіктер</i>	<i>Қауіптер</i>
Қосымша білім беру үшін сабақтар кестесін ыңғайлы етіп құру.	Педагогтер өздерінің уақытын тиімді пайдаланбау.

<i>Күшті жақтары</i>	<i>Әлсіз жақтары</i>
Балабақшада үнемі ата-аналар мен тәрбиеленушілердің жұмыстарын көрсететін сайыстар мен көрмелер өткізіледі.	Үнемі бір ата-аналар қатысады.
ҚР –ң білім беру саясатына балабақша ұжымының жұмысының мақсаты, мазмұны және әдістері сай.	Мемлекеттік стандарт бойынша топтарда бұрыштарды ұйымдастыру жұмысы әлсіз.
Вариативтік бағдарламаларды қолдану.	Жобалар мен зерттеу жұмыстарын жүргізуге ақпараттық жеткіліксіздігі.
<i>Мүмкіндіктер</i>	<i>Қауіптер</i>
Тәрбиеленушілердің физикалық, ақыл ой және тұлғалық дамуына жағдай жасау.	Ата-аналар тарапынан түсінушілік пен қолдауға қызығушылықтарының жеткіліксіздігі.
Ата-аналарды балабақша жұмысына қатыстыру.	Педагогтерде психологиялық жүктің басымдылығы.
Балабақша жұмысын нәтижесіне қарай басшылық жүргізу.	Қосымша жүктеме балалардың шаршауына әкеледі.
Топтарда дамытушы ортаны ұйымдастыруға ата-аналарды қатыстыру.	Уақыттың жеткіліксіздігі.
<i>Күшті жақтары</i>	<i>Әлсіз жақтары</i>
Педагогтердің кәсіптік деңгейлерін көтеру жұмысын үнемі жүргізу.	Ата-аналар комитетінің жұмысынң әлсіздігі.
Ғаламтор жүйесіне қосылу: сайт ашу. Балабақша жұмысы туралы ата-аналарға ақпарат беру: газет.	Балабақшаның жұмысы туралы ата-аналар қызығушылық танытпайды.
Әдіскер аудандық семинарларға қатысады.	Педагогтер басқа балабақша жұмысымен танысу мүмкіндігі аз.
Ұжымның инновацияға дайы болуы.	Мектептермен байланыс эпизодтық деңгейде.
Курсқа бару.	Педагогтердің барлығын курспен қамту қиын.
<i>Мүмкіндіктер</i>	<i>Қауіптер</i>
Балабақша дамуы үшін балалардың, ата-аналардың және педагогтердің потенциалын пайдалану.	«Даралық» балабақша сапасына теріс ықпал етеді.

Әртүрлі деңгейдегі сайыстарға қатысу	
Педагогикалық тәжірибені облыс, аудан көлемінде тарату.	
Психологиялық- педагогикалық сүйемелдеу	
<i>Күшті жақтары</i>	<i>Әлсіз жақтары</i>
Балалардың психологиялық мұқтаждықтарымен жұмыс жүргізу	Психологтың құзырлығының жеткіліксіздігі.
Балабақша бітірушілерді әлеуметтік өмірге белсенді етіп тәрбиелеу.	Бітіріп кеткен балалардың жетістіктері туралы ақпараттың болмауы.
<i>Мүмкіндіктер</i>	<i>Қауінтер</i>
Стажировка өту.	Педагогтердің жүктемесі жоғары.
Педагогтердің өзін -өзі дамуына жағдай жасау.	Кәсіби жоғары деңгейлі педагогтардың басқа салаға кетуі.
Қаржылық қамту жұмысы	
<i>Күшті жақтары</i>	<i>Әлсіз жақтары</i>
Балабақшаның материалдық базасын нығайту бойынша жоспар құру	Толық жабдықтауға қаржының жеткіліксіздігі.
Аудандық білім беру ұйымының тапсырмаларын орындау.	Балабақшаның басқа жұмыстарына қаржының кетуі.
Балалар төлемақысы.	Балалар төлемақысын ата-аналар тарапынан уақытылы төленбеуі.
<i>Мүмкіндіктер</i>	<i>Қауінтер</i>
Қаржылай көмекті ұйымдастыру.	Балабақшаның даму жүйесі әлсіз.
Бәсекелестікті көтеру.	

Жоғарыда көрсетілген кестедегі мәселелер балабақшаның болашаққа перспективтік дамуына қажетті мақсат-міндеттер қойып, жоспар құруға мүмкіндік береді. Ата-аналармен жұмыстың жаңа сатысын таңдауға, педагогтердің құзыреттілігін көтеруге жұмыс ұйымдастыру керек. Сонымен, Балабақша алдында тұрған проблемаларды шешу үшін балабақшаның оқыту- тәрбиелеу процесіне қатысушыларының барлық потенциалдарын пайдалану қажет.